

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

қолжазба құқығында

Магистранттың Кәріпбаев Нұртас Ғалымұлының

МАГИСТРЛІК ЖОБА ТАҚЫРЫБЫНЫҢ АТАУЫ

COVID-19-дың мемлекет пен бизнес арасындағы қатынасқа әсері
(Қарағанды облысының мысалында)

«7M04119 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы
оқыту бағыты бойынша «7M041 Бизнес және менеджмент»

Мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші (-лер)

Нұралиев Н.С., PhD

Жоба қорғауға жіберілді:

« _____ » _____ 2022ж.

Мемлекеттік саясаттың ұлттық
мектебінің директоры

Әбдіқалықова М.Н.

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	8
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	18
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	20
ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫС.....	48
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	51
ҚОСЫМШАЛАР.....	57

Нормативтік сілтемелер

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2019 жылғы № 1060 Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы қаулысы.

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұйрығы.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы.

Белгілеулер мен қысқартулар

ХЭЫДҰ	- Халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚРКК	- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі
ҚРҰ	- Қазақстан Республикасының Үкіметі
АҚШ	- Америка Құрама штаттары
ЕЭОМЕ	- Еуразиялық экономикалық одақ мүше елдері
КДЖҰЖ	- Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы
ШОБ	- Шағын және орта бизнес
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
БЖК	- Бизнесің жол картасы
GR	- «Government Relations» мемлекеттік реттеу
РӘТ	- Реттеушілік әсерді талдауға қатысты
НҚА	- Нормативтік құқықтық актілер
МЖӘ	- Мемлекеттік-жекешелік әріптестік

Кіріспе

Мәселенің өзектілігі

Қазіргі таңда, Коронавирус (COVID-19) әсерінен мемлекеттік орган мен жеке бизнес арасындағы қарым - қатынас байланысы күшейіп келеді. Себебі, пандемия кезеңінде экономиканың көптеген салаларында, соның ішінде бизнес субъектілері көптеген күрделі мәселерге тап болды, солардың негізгілері олар: жеке бизнестің төлемге деген қабілетінің сұранысының төмендеуі, уақыты өткен дебиторлық берешектің көбеюі, қарызға алынатын қаражатты алу қиындықтары, келісілген инвестициялық жобалар бойынша пайда нормасының төмендеуі және т.б. Барлық осы күрделі мәселелер көбінесе бизнестің тұрақсыз қаржылық жағдайына немесе экономикалық дағдарыстан ең көп зардап шеккен бірқатар жеке кәсіпкерлердің қаржылық төлем қабілетсіздігінің төмендеуіне әкеледі. Жеке бизнестің қаржылық жағдайының төмендеуі, ол біріншіден еліміздегі әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкелуі мүмкін немесе халықтың нақты табысының төмендеуінен байқалады, жұмыссыздық өседі және көлеңкелі экономиканың үлесі артып келуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік орган еліміздегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін экономикадағы дағдарыстық құбылыстарды тез арада жеңуге мүдделі болады.

Енді, қазіргі таңда, осы экономикалық дағдарысты тезірек жеңу үшін мемлекет пен бизнестің біріккен жұмысы қажет екенін барлығына белгілі. Сондықтан, елімізде жоғарыда айтылған жеке бизнестің қаржылық ахуалын жақсарту үшін және олардың тұрақты түрде дамуына көмек беретін, оған қоса мемлекеттің мүдделеріне ықпал ететін, пандемия әсерінен пайда болған әлеуметтік мәселерді шешу үшін және еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін мемлекет пен бизнес өкілдерінің келісіліп қабылданған іс шаралары, оның ішінде түрлі мемлекеттік бағдарламалар уақытылы болды.

Коронавирус (COVID-19) дағдарысы тек адамның денсаулығына емес, қоғамның барлық салаларына ерекше әсер етті. Бұл бизнес пен экономикаға да оңай тимеді, жұмысқа орналасу мүмкіндігі азайып, саяхат пен сауда мүшкіл халге жетті. Пандемия қазіргі мемлекет басқару жүйесінің және экономиканың осалдығын көрсетті. Қазіргі таңда бизнес субъектілерінің негізгі мәселелеріне: кәсіпкерлерге қаражаттың қолжетімсіздігі оның ішінде субсидия және гранттық қаржыландыру, коронавирус дағдарысына байланысты халықтың төмен сұранысы және төлем қабілеттілігінің төмендеуі, өңірлік деңгейде кәсіпкерлерге қатысты мемлекеттік қызметтер мен оларды қолдау шаралары туралы барлық ұйымдардың ақпаратын қамтитын бірыңғай орталықтандырылған ресми сайттын болмауы және бизнес субъектілері үшін нарықтық және іскерлік ақпараттың жетіспеушілігі жатады.

Мемлекет басшысы өзінің халыққы жолдауларында әрқашанда кәсіпкерлікке ерекше көңіл бөліп, оның тиімділігін қала мен ауылды дамытуға, сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірінде үлкен орын алатынын айтып отырады.

Қазіргі кезде, тұрақты даму күн тәртібінде, бизнес субъектілері ұлттық экономика мен жаһандық экономиканың өсуінің негізі болып табылады және дәстүрлі түрде көптеген үкіметтердің, өңірлік бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың назарында жеке орын алады.

Бұл зерттеудің **негізгі мақсаты** - Қарағанды облысының мысалында кәсіпкерлікті қолдау тұрғысында мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасқа COVID-19-дың әсерін талдау және анықтау арқылы, олардың арасындағы байланысты жетілдіру жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Бұл магистрлік жұмысымының мақсатына жету үшін келесі **міндеттер** қойылады: мемлекет пен бизнес арасындағы байланысты COVID-19 дағдарысына дейінгі және кейінгі уақыт аралығын зерттеу; бизнесті қолдау бойынша іске асырылатын саясат пен бағдарламаларды зерделеу; COVID-19 дағдарысына қарсы шаралар мен бағдарламалар шеңберінде халықаралық және Грузия мемлекетінің тәжірибесін зерттеу; қолданыстағы кәсіпкерлік бойынша заңнамаға ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны. Қарағанды облысының мысалында мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасқа COVID-19 әсерін зерттеу.

Зерттеу пәні. Қарағанды облысының мысалында мемлекет пен бизнес арасындағы байланысты, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен шараларын қарастыру арқылы, олардың арасындағы байланысты жетілдіру жолдарын іздеу.

Мен бұл магистрлік жұмыстың **зерттеу әдісінде**, сапалық әдіс тәсілін, оның ішінде статистикалық, салыстырмалы және case study әдісін қолдана отырып зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысының тақырыбы “COVID-19-дың мемлекет пен бизнес арасындағы қатынасқа әсері (Қарағанды облысының мысалында)” болған соң, жалпы жұмыс Ковид 2019 дағдарысы мерзімін қамтиды, оның ішінде Қарағанды облысында тіркелген және жұмыс жасап тұрған бизнес субъектілерінің COVID-19 дағдарысына байланысты қал жағдайын, олардың дамуын және көрсеткіштерін қарастырды. Сонымен қоса, COVID-19 дағдарысына байланысты мемлекет пен бизнес субъектілерінің байланысы халықаралық тәжірибеде, сондай-ақ отандық тәжірибеде қарастырылып зерттелді және бизнес субъектілеріне мемлекет тарапынан COVID-19 дағдарысына байланысты қандай қолдаулар мен шаралар болғанына талдау жасалды.

Болжам немесе күтілетін нәтижелер. COVID-19 дағдарысы кезінде бизнесті дер кезінде мемлекеттік қолдау шаралары Қарағанды облысында кәсіпкерліктің дамуына оң әсер етті. Нәтижесінде кәсіпкерлік салада бизнес субъектілерінің санының өсуіне, жана жұмыс орындарының пайда болуына, сауда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және денсаулық сақтау және т.б. салалардың дамуына әсер етті.

Магистрлік жұмыстың құрылымы мен көлемі алты тараудан тұрады. Бірінші тарау кіріспеден тұрады. Келесі тарауда әдебиетке шолу, бұл тарауда, негізгі экономикалық теориялардың мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылына көзқарастарына тоқталдым, сонымен қоса мемлекеттік реттеудің негізгі

мақсаттары және функциялары, бизнес субъектілерінің саласындағы ерекшеліктер мен функциялары туралы жазылады. Келесі тарауда, осы магистрлік жұмысты зерттеу барысындағы қолданылған зерттеу әдістері бойынша ақпарат беріледі. Төртінші тарауда, практикалық көзқарастарды қамтиды, бұл жерде магистрлік жұмыстың талдау және зерттеу нәтижелері, COVID-19 дағдарысына қатысты кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бойынша әлемдік тәжірибені қарастыру және салыстыру, COVID-19 дағдарысына байланысты Қарағанды облысының мысалында отандық кәсіпкерлікті қолдау және оның негізгі тетіктерін талдау, бағалау және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудағы бағдарламалар мен шаралардың тиімділігін қарастыру болып табылады. Келесі тарауда, магистрлік жұмысқа қорытынды мен COVID-19 дағдарысына қатысты мемлекет пен кәсіпкерлік саланың байланысын күшейту және дамыту мақсатында, мемлекеттің саясатын жетілдіру бойынша, әлемдік тәжірибені ескере отырып ұсыныстар келтіріледі. Соңғы тарау, қолданылған әдебиеттерден құралған.

Тәжірибелік маңыздылығы. Осы магистрлік жұмыстың нәтижесінде көрсетілетін ұсыныстарды алдымен еліміздегі мемлекеттік ұйымдарға (оның ішінде, орталық мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы орган) енгізу мүмкіндігі ұсынылады.

Қазіргі COVID-19 дағдарысына қатысты, елдегі тұрақтылық пен экономикалық дамуды жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік саланы қолдау мен дамыту мемлекеттің бірінші басымдығының бірі болуы қажет. Себебі, бизнес субъектілерін уақытылы мемлекеттік қолдау - жаңа кәсіпкерлердің пайда болуына әсер етуі мүмкін, сол арқылы, мемлекеттің экономикасы тұрақты болып, жаңа жұмыс орындары ашылып, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне әсер етеді.

Әдебиетке шолу

Негізгі экономикалық теориялардың мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылына көзқарастары

Мемлекет пен бизнес қарым - қатынастары туралы зерттеулер теңізінде біз қарапайым болып көрінетін сұрақтарға нақты жауап таба алмаймыз. Экономикалық әдебиеттердің мындаған парақтарына сүйене отырып, мемлекет пен бизнес қарым - қатынастары анықтамасы туралы көптеген ақпаратқа тап боласыз.

Жалпы мемлекет пен бизнес қарым - қатынастары туралы ақпараттар бүгін, не кеше пайда болған жоқ, бұл байланыс австралиялық ғалым Catleудің айтуы бойынша нарықты ырықтандыру күн тәртібінде 1983 жылдан бастап қарқын алған сайын, мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасты түсіну бұрынғыдан да, маңызды болғанын жазған [1].

Тағы да, осы мемлекет пен бизнес қарым - қатынастары туралы түсінікті австралиялық саяси экономист Стилвеллдің капиталистік экономикалық жүйесінің моделінде, мемлекет пен бизнес қарым-қатынасының табиғаты туралы көптеген ақпарат берілген. Оның еңбегінде өндіріс құралдарына жеке меншікке негізделген, еңбек, қаржы, жер және меншік нарықтарын, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді құрайтын мемлекеттің идеологиясы немесе саясатының ерекше рөлі бар екенін, олардың барлығы кеңеюге бейім екенін жазған. Сонымен қоса, оның еңбегінде саяси және экономикалық идеялардың тарихы, негізгі саяси идеологиялармен, ұлттық өнеркәсіптік мәдениеттерді салыстырумен және олардың нарықты ұйымдастыру тәсілдеріне қалай әсер ететіндігімен, саяси партиялардың сауда келісімдері мен өнеркәсіптік саясаттағы артықшылықтарымен, үкіметтердің сыртқы факторларды, жаһандану мен халықаралық институттардың әсерін, содан кейін мемлекеттік, жеке және ерікті секторлардың байланысын және климаттың өзгеруінің әсерін қалай реттейтіндігі туралы ойы ашық жазылған болатын [2].

Алайда, Percy and Batainah және т.б. еңбектерінде мезо немесе салалық деңгейде саяси идеологиялар мемлекет пен бизнес арасындағы іс жүзіндегі қатынастарға біршама маңызды және пайдалы болуы мүмкін, ал макро деңгейде идеология оны анықтайтын сипаттама ретінде жасамайды. Сол сияқты, мемлекеттің рөлі, орны туралы нормативтік идеялар "экономика" тұтастай алғанда мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастардың өзіндік моделінің сипаттамаларын ашып көрсетпеген. Әлеуметтік және экологиялық саясат мәселелері бойынша мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылын көлденең салалық саясат ретінде маңыздылығына тоқталған [3].

Бірақ австралиялық саяси экономист Стилвелл өзінің еңбегінде мемлекеттің рөлі туралы идеологиялық компоненттер де, нормативтік идеялар да мезо-деңгейде қарастырылған кезде талдау үшін маңызды екенін көрсетіп кеткен. Оның ойы, дәстүрлі экономикада проблеманы – шексіз қажеттіліктер мен шектеулі ресурстарды көрсетеді және соғыстан немесе дағдарыстан кейінгі жағдайға байланысты мемлекетінің тұрақтылығына қатысты алаңдаушылықты

және экологиялық мәселелерді шешу саясатының екі жағына да қажеттілікті түсіндіреді [2].

Мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастардың нақты байланысын құру кезінде Джейкобидің еңбегінде бизнес пен мемлекет тұрғысынан бірқатар өзара байланыстарды жазып көрсетеді. Бұл өзара іс-қимылдар негіз қалаушы идеологияларды және осы мәнмәтіндер мен жағдайларда мемлекеттің "тиісті" орнын немесе ролін жазып көрсеткен [4].

Теориялық негізде мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы саласын екі жағынан қарастыруға болады: бизнес тұрғысынан және тәуелсіз қызмет субъектілері болып табылатын мемлекет тұрғысынан. Әрине, осы бағыттар бойынша жазылған едәуір ғылыми жұмыстар көп.

Зерттеудің теориялық негізін әр түрлі тарихи дәуірлер мен экономикалық мәселеге арналған шетелдік және отандық ғалымдардың мектептері мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасына арналған.

Осы саладағы ең үлкен ғылыми жетістіктер жасаған ғалымдар Дж. Сорос, М. Вебер, В. И. Ленин, А. Субетто, М. Кастельс, П. Козловски, Р. Коуз, Ф. Лист, Дж. Сорос. Милль, А. Рих, Ф. Фукуяма, Р. және басқалар.

Өзара қарым-қатынастарды құру ерекшеліктерін теориялық және әдіснамалық зерттеу мемлекет пен бизнес негізінен экономикалық және саяси салалар ауқымында болып жатады.

Экономикалық саланың дамуы мен адам өмірінің басқа салалары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға деген ұмтылыс бизнестің мемлекеттің немесе қоғамның алдындағы жауапкершілігіне (әлеуметтік, экологиялық) қатысты көптеген жұмыстардың пайда болуына әкелді.

Бұл ретте мемлекет пен жеке бизнестің өзара қарым-қатынастары әлеуметтік жүйенің түрлі элементтерімен өзара байланысына негізделген жүйеішілік өзара қатынастардың бөлігі ретінде қарастырылады.

Мемлекет пен қоғам бір. Мемлекет, жүйелік тәсілге байланысты, әлеуметтік жүйенің басқарушы негізінде болуы мүмкін, оның тұтастығы мен бірлігі, құрылымы мен иерархиясы қасиеттерін сақтайды, ал "жеке бизнес" сол әлеуметтік жүйенің бөлігі ретінде болады, негізгі мақсаты бірыңғай жүйеден тыс мақсатқа ұмтылу арқылы жүйені үйлесімді күйде ұстау [5].

Әрбір қоғам жүйе (экономикалық, саяси, әлеуметтік және т.б.) болып табылады, сондықтан оны әртүрлі теориялық ғылыми мектептер мен пәндерді жүйелі зерттеу негізінде ғана түсінуге болады [6].

Әйгілі американдық кәсіпкер Дж. Сорос айтқан екен "Адамдар ақшаға ие болғысы келеді және оны алу үшін бәріне дерлік дайын, өйткені ақша-бұл билік, ал билік өзінің мақсаты мүмкін". Сонымен қоса Дж. Сорос тағы жазғаны "азаматтық қоғам "және" демократиялық мемлекет "бұл" ережелер бойынша ойын" ("буржуазиялық құқық" деп аталатын) үстемдігін жүзеге асыратын құрылғылар, бірақ" ережелерді" "үлкен ақшасы бар ойыншылар" белгілейді. Оның бұл ойы негізінен: "ережелерді билік әзірлейді, бірақ демократиялық қоғамда билікті ойыншылар сайлайды" деген [7].

Жер мен күн болған кезде, күн батуы мен шығуын болдырмау мүмкін емес болғандықтан, нарықты жою, жабу, жалпы жою, бөлу мүмкін емес. Бұл дегеніміз бизнес немесе мемлекет жеке дербес өзі өмір сүре алмайды олар бірімен тығыз байланысты.

Нарықтық қатынастардың механизмі экономикалық өмірдің көптеген салаларында тиімді екені белгілі, бірақ оның да әлсіз салалар бар екен. Осыған қоса, осы салалардағы нарықтық заңды немесе тәртіпті тура ұстану қиын жағдайға әкелуі мүмкін, жүйені өмір сүру шегіне қоюы мүмкін. Осы жағдайда нарықтық механизмдер ең тиімді шешімдерді іздеуде өздері дұрыс бағыт ала алмайды: монополиялар немесе олигополиялар, шығындар мен экономикалық әсер арасындағы уақыт айтарлықтай алшақтықта, кризис немесе пандемия жағдайында [6]. Бұл жағдайларда экономиканы реттеу үшін мемлекет жалпы бизнесті қолдау, экономиканы реттеу бойынша шаралар қабылдайды, осы кезде мемлекет пен бизнестің қарым қатынасы күшейе түседі.

Неоклассикалық мектепке сәйкес, нарық өз - өздерін басқарудың тиімділігін қамтамасыз етеді, нарықтардың жұмыс істеуіне мемлекет араласуын мойындамады және қолдамады, өсуді тудыратын және әр қатысушының жағдайын жақсартуды қамтамасыз ететін мемлекеттік шаралардың қажеттілігін жоққа шығарған болатын [6].

Экономикалық әдебиеттерде, нарықтық экономикадағы мемлекеттің рөлі қажеттілікке байланысты функцияларды орындау екендігі айтылады [6].

Тиімділікті қамтамасыз ету үшін мемлекет әртүрлі экономикалық құралдарды қолданады және тұрақты экономика құру үшін өндірістің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің негізгі міндеті: елде құқықтық негізді және әлеуметтік климатты қамтамасыз ету, тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ету; нарықтың теріс тараптарының орнын толтыру; бизнесті қолдау; фискалдық саясат жүргізу [6].

Экономиканы тиімді басқару үшін мемлекет оған араласуы қажет, себебі мемлекет нарықтық жүйені өзгертеді және реттейді. П. Самуэльсон айтқандай, экономиканы бір жақты басқару мүмкін емес екенін адамның бір қолмен қол шапалақтауына ұқсаттырған. Экономикаға мемлекеттің араласуы қажет, бірақ бұл араласудың шегі болатынын көрсеткен. Егерде мемлекет шегінен шығып кетсе онда нарық жүйесі бұзылады.

Экономикалық теорияда нарыққа мемлекеттің араласу заңдылығы туралы әртүрлі көзқарастар бар, соның ішінде олар кейнсиандықтар немесе неоклассикалық теориялардың жақтаушылары. Алайда, мемлекет нарықты уақытылы реттеп шегінен шықпау қажет [6].

Мемлекет пен жеке бизнестің өзара қарым-қатынастарын мемлекетті басқару теориясы тұрғысынан қарап көретін болсақ, басқару саласындағы ең танымал ресейлік маман В.И. Кнорринг еңбегіне сәйкес, мемлекет ол күрделі жүйе, ол өзінің алдына қойған жауапкершілікті орындау үшін сыртқы және ішкі ортаның өзгеруіне тез бейімделеді. Мемлекет жоғарғы орган ретінде мемлекеттің барлық саласына тікелей араласып, елді қорғауды, елдегі тәртіпті сақтауды, ғылымды дамытуды, энергиямен жабдықтау, қоршаған ортаны қорғау

жөнінде мемлекеттік бағдарламаларды және түрлі шараларды іске асырады. Әлеуметтік саясатты іске асыра отырып, мемлекеттің экономикасын дамыту үшін қаржы бөліп, түрлі салада кешенді бағдарламалардың дамуын ынталандырады және оларды бақылайды [8].

Жалпы бизнес жеке өздері мемлекеттің қатысуынсыз және қолдауынсыз дами алмайды деуге болады. Көптеген дамыған және дамушы елдерде бизнесті мемлекеттік реттеу белгілі бір шеңберде және нысанда жүреді және ол нарықтық экономиканың негізі болып табылады. Мемлекеттің араласу жолдары елдің тарихына, дәстүріне, экономикасына байланысты өзгеріп отырады [9].

Мемлекет экономикалық субъект және бюджет қаражатын басқарушы ретінде экономиканың ерекше маңызды салаларына тікелей қаржылық әсер етеді, экономикалық дамудың мақсатты кешенді бағдарламаларының дамуын ынталандырады және әлеуметтік саясатты анықтайды. Орындауды бақылау, басқарушылық әсерге реакцияның барабарлығы ақпаратпен анықталады.

Тағы бір мемлекет пен бизнес арасындағы байланыстың мысалы Автономов өз еңбегінде билік органдарының аталған ұйымдар білдіретін әлеуметтік топтардың мүдделеріне байланысты шешімдер қабылдауына (қабылдамауына) қол жеткізу мақсатында мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару ұйымдарының өкілдерімен байланыс жасау барысында мемлекеттік емес ұйымдар өкілдерінің іс-қимылына баға берген [10].

Мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары, функциялары және әдістері

Сонымен қатар, мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын соңғы уақыттарда зерттеу тұрғысынан «Мемлекеттік реттеу» немесе «Government Relations» (GR) ұғымдары ғылыми жұмыстарда кеңінен қолдану үлкен маңызға ие.

Тарихи тұрғыдан алғанда, бизнес пен мемлекет арасындағы қарым-қатынас, әдетте, олардың өкілді демократия процесіне әсері тұрғысынан жақындады. Кейінірек бизнес пен мемлекет арасындағы қарым-қатынасы туралы көзқарастар басқарушылық құрылым аясында дамыды.

Осыған байланысты, ең қарапайым және түсінікті анықтаманы Мерриам-Вебстердің сөздігінде жазылғандай реттеудің өте жалпы және қарапайым анықтамасы: бір нәрсені қалай жасау керектігі туралы ресми ереже немесе заң екенін көрсеткен [11].

Нарықтағы еркін бәсекелестікте мемлекеттік реттеудің негізгі функциялары бекітілген, оларға бизнестің жалпы қызметін реттейтін ережелер мен заңдарды әзірлеу, ережелер мен заңдардың кәсіпкерлер тарапынан орындалуын қадағалау және тексеру, экономикадағы түрлі салаларда кәсіпкерлікті дамыту үшін оларға қолайлы жағдай жасау, мемлекеттің экономикасы тұрақты даму үшін қажетті мөлшерде қаражат пен қаржыландыру және салық арқылы қаржы ағынын реттеу болып табылады.

Негізінен Government relations management сөзі Екінші дүниежүзілік соғыс біткен соң шет елдерде, мемлекеттің ішкі құрылымының қиындауына

байланысты және елдің экономикасын мемлекеттік реттеуде жоғарылату мақсатында қолданған болатын [12].

Жалпы негізі, экономиканы мемлекеттік реттеудің теориясының негізін қалаушы Дж. М. Кейнстің жазуы бойынша, мемлекет экономиканы реттеуге мәжбүр болады себебі, нарықтық капитализм жүйесі "кемшіліктерден" зардап шеккен соң деп жазды және ол экономиканы мемлекеттік реттеудің орындылығы мен қажеттілігін теориялық тұрғыдан негіздеді [13]. Осы магистрлік жобаны Кейнс теориясы арқылы қарастырамыз. Себебі, Ковид дағдарысы кезінде Кейнс теориясы бойынша мемлекет нарыққа араласа бастайды. Нарық дағдарыс уақытында өзін – өзі реттей алмайды.

Уақыт өте келе кейнсиандықтың жақтаушы өкілі болып мемлекеттік дирижизм мектебі жалғастырды. Мемлекеттік дирижизм мектебі мемлекет экономикаға араласуын күшейту қажеттігін айтты. Себебі, ол экономиканы мемлекеттік реттеу экономикалық құрылымды қарауға және оның әлсіздеуіне қарсы тұратынын жазды. Олар осы арқылы экономиканың тек қана бір саласын дамыту емес басқа салаларында дамыту, жетілдіру, жаңалықтар енгізу қажеттілігін жазды. Бұл дегеніміз мемлекеттік дирижизм мемлекет саясатының негізгі бөлігіне айналуын жазды. Мемлекет пен нарық өзара тығыз байланыста, олар адамның екі қолы сияқты бірігіп, бір мақсат үшін жұмыс жасайды, бірақта екі қолдың қызметі бір бірінен тәуелсіз [14].

Классикалық саяси экономиканың өкілі А. Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептерін зерттеу» еңбегінде жазылғандай, мемлекет нарықта "көрінбейтін қол" қағидасын ұстанып, тек қана нарықта мемлекеттің минималды араласуын қолдаған, себебі нарық бәсекелестіктің әсерінен сұраныс пен ұсынысқа байланысты қалыптасатын еркін бағалар негізінде өзін-өзі реттей алатынын жазған [15].

Классикалық мектептің өкілдері мемлекеттің экономикадағы рөлін айтып, мемлекеттегі экономикалық мәселелер нарықтық механизм жағдайына байланысты реттеу қажетін айтты. Мемлекет негізінен нарықта қосымша рөл атқару керектігін білдірді. Олар мемлекеттің жұмысы оның орны нарық жағдайында жұмыс жасайтын бизнес өкілдері мен қоса бірге жүру керектігін жазды. Ол мектептің өкілдері мемлекеттің тарифтерге, нарық жағдайында баға тұрақтандыруға және т.б салаларға араласуын қолдамады.

Классикалық мектептің ойшылдары әр түрлі тарифтер жасауды, баға деңгейін тұрақтандыруды, техникалық жаңалықтарды енгізуді үкімет тарапынан реттеуге ұмтылыстардың бәріне қарсы.

Марксизм мектебі бойынша К. Маркс мемлекет пен сыртқы сауда және әлемдік нарық өзара бір бірімен тығыз байланыста екенін жазды. Ол акционерлік ұйымның қызметін талдағанда, белгілі бір салада ұйымдар монополияға айналуы мүмкін, сондықтанда олардың қызметіне мемлекеттің араласуын көрсетті [16]. Бұл үлгінің негізгі бөлімі – жоспар – заң мәртебесінде болды. Өйткені ол орындалмаған жағдайда заңдық, экономикалық және саяси жауапкершілікке тартылды.

Марксизм мектебі өкілдері бойынша, мемлекет жоспарлау көмегімен экономиканы барлық саласын бақылап отырады. Сол арқылы мемлекет алдына қойған саяси мақсатқа жету үшін, бизнесті экономикалық бақылау арқылы жоспарлауды жүзеге асырады.

Неоклассикалық үлгі мектеп өкілдері экономиканы мемлекеттік реттеудің түрлі жолдарын көрсеткен, соның негізгісі ол мемлекет нарықтық экономиканың ережесіне араласпауы қажет, себебі ол экономиканың дұрыс реттеуге қауқарсыз деп жазған. Осы монетаризм мектебінің өкілі М. Фридман жазуы бойынша, мемлекетте нарық өзін-өзі реттей алатанын көрсетті, алайда еркін нарықта мемлекет араласу маңыздылығын жоймайтынын жазды [17]. Себебі, уақыт өте келе материалдық өндіріс ұлғайған сайын мемлекеттің де экономика қатысуы ұлғайды. Өндірістің дамуымен қатар, бәсекелестік жоғарлады, экономикалық және әлеуметтік шиеленістер пайда болған соң, экономика мемлекеттік реттеу қажет болды.

Мемлекеттік реттеу жалпы бизнестің өмірлік циклына толық қатысады, себебі бизнесті кәсіпкер ашқан уақыттан оның жабылғанына дейін араласады. Ол дегеніміз, кәсіпкер бизнесті ашқан уақытта, мемлекет органдарына тіркеледі, содан кейін тұрақты түрде салық төлейді, одан кейін бизнесті жабу кезде мемлекеттік органдарға ақпарат береді. Мемлекет өзінің ережелері мен заңдары арқылы бизнесті қадағалап, бақылап, реттеп отырады. Одан бөлек егерде, кәсіпкер шетелге тауарларын шығаратын болса заң түрінде қажетті құжаттарды реттейді. Бұл дегеніміз бизнес пен мемлекеттің байланысы тұрақты түрде болып тұратыны анық. Мемлекеттік реттеу елдің қауіпсіздігін, елдің тұрақтылығын, әділдігін, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, әлеуметтік экономикалық міндеттерін орындау үшін түрлі ережелер, бағдарламалар мен заңдар қабылдайды [18].

Осыған байланысты, Б. Буккаерт өзінің еңбегінде мемлекеттік реттеуді, мемлекет өзінің мақсатына жету үшін ережелер мен заңдар қабылдап оның орындалуы арқылы адамдар мен жеке ұйымдарды оны сақтауға итермелейтіні туралы жазған [19].

Жалпы мемлекеттік реттеуді дәстүрлі түрде сыртқы күш ретінде айтуға болады, себебі оның рөлі, қоғамда болып жатқан қақтығыстарды реттеу және шешу ережелерін бизнес өкілдерімен бірлесе дайындау болып табылады.

М. Минчаковтың ойы бойынша, бизнесті мемлекеттік реттеу арқылы мемлекет елдің экономикасын және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартады, сол арқылы бизнес табысты және олар тұрақты дамуы үшін оларға қолайлы жағдай жасайды. Көптеген мемлекеттер бизнесті мемлекеттік реттеу арқылы өздерінің мақсаттары мен міндеттерін орындап, мемлекеттің жағдайын жақсартады [20].

Тағы басқа, ғалымдар С. Дадли мен Д. Брито еңбектерінде реттеуші саясат ұғымына төмендегідей анықтама жазып көрсетеді: әкімшілік заңдар немесе ережелер деп аталатын ережелер мемлекеттің агенттік заңдары мен мақсаттарын жүзеге асыратын негізгі тетіктері болады және олар тұлғалар, бизнес және басқа

мекемелер жасай алатын немесе жасай алмайтын нақты стандарттар немесе нұсқауларды көрсеткен [21].

Олар тағы, нарықтық экономика тиімді жұмыс істеуі үшін оған нақты ережелер қажет болады. Меншік құқығын және "ойын ережелерін" белгілейтін және қамтамасыз ететін құқықтық базасыз елде бизнесмендер өздері белгілі жүйесіз өмір сүре алмайды. Мемлекет шығарған заңдар тіршіліктің барлық салаларына әсер етеді. Ол дегеніміз адамның ұйқыдан ояңған уақыттан бастап ұйықтауға дейін ережелер мен заңдар адамдардың не істеп жатқанынына әсер ететінін жазып көрсеткен. Адамдардың барлығы ережелердің және заңдардың әсері немесе олар жасалатын процесс туралы аз білетінін еңбектерінде көрсеткен [21].

Кейінгі кезде, Халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ХЭЫДҰ) мемлекеттік реттеу саясаты саласында қомақты ақпарат жариялады. Олардың ойы бойынша мемлекеттік реттеу негізінен экономикасы дамыған мемлекеттер үшін олардың нарықтық жүйесі жақсы дамыған елдерге қажет, алайда олардың жоспарлары әрқашан әлеуметтік үміттерге сәйкес келмейді немесе өзінің алдына қойған мақсаттарына жете бермейтінін жазған. Басқа сөзбен келтіргенде, іс жүзінде ережелер немесе заңдар әрқашан мемлекеттің жағдайын жақсартып қоймайды: мемлекеттегі заңдар экономика мен қоғамда тұрақта жұмыс жасау қажет. Себебі, мемлекет, адамдар, бизнес, үкімет және азаматтық қоғам үшін "ойын ережелерін" қалыптастырады және нарық тетігінің негізін қалыптастырады, адамдардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғайды және қоғамдық тауарлар мен қызметтерді ұсынады. Сондықтанда мемлекеттік реттеу шығынсыз аяқталмайды. Тағы басқа, мемлекет заңдар мен ережелерді жасау және оларды сақталуын қамтамасыз ету үшін үкімет пен мемлекеттік басқару органдары үшін ресурстарды талап етеді. Заңдар мен ережелер ескірген немесе мемлекеттің саясат мақсаттарына сәйкес келмеген кезде күтпеген шығындарға душар болуы мүмкін. Бұл дұрыс жасамаған мемлекеттік реттеу режимдерінің және қолданыстағы заңдармен ережелердің біркелкі қолданылмауының нәтижесінде болған, 2008 жылғы қаржылық дағдарыс және одан кейінгі экономикалық құлдырау реттеудегі сәтсіздіктердің ықтимал салдарын осы жұмыста көрсеткен болатын [22].

Мемлекеттің орнықты орны елдегі нарықтарды толық бақылауды мемлекетке толық беруі керек дегенді білдірмейді. Еркін нарық көптеген бағалар мен ресурстар ағындарын дұрыс анықтауға қатысты мемлекеттің жасап жатқан шараларынан да маңызды болуы мүмкін деген ой.

ХЭЫДҰ мемлекеттік реттеу саясаты туралы тағы бір ақпараты, ол мемлекеттік реттеудегі іркілістерге реактивті қатыспай, реттеу сапасын қамтамасыз етуге белсенді қатысуға тиіс екенін көрсеткен. Дамыған мемлекеттерде бұл анықтама мемлекеттік реттеуші басқаруға айналады. Реттеуші басқару демократиялық басқару қағидаттарына негізделген және заңдар мен ережелерді әзірлеуші органдардың, сот жүйесін, жеке сектордың қызметін қоса алғанда, осы жүйеге қатысушылардың барлығын кіргізеді. Жаңа және қолданыстағы заңдар мен ережелердің әсерін бағалауға негізделген

біріктіру, күшті реттеу ұйымдарын құру және заңдармен ережелерді пайдаланушыларға көбірек көңіл бөлу - мұның бәрі маңызды элементтер екенін жазып көрсеткен [22].

Жалпы мемлекеттік реттеу саясатына қатысты бизнестің жалпы көзқарасы - реттеу көбінесе мемлекеттің экономикасы үшін бәсекелестікті ынталандыруда, ойын жағдайларын теңестіруде және нарықтарды жылжытуда маңызы зор.

Остман жалпы барлық ресурстардың сыртқы бақылау жеке мүдделерге бағдарлауды күшейтеді деп ойлайды, себебі бұл міндеттерді мемлекеттік реттеуші органға жүктейді және сол арқылы жеке тұлғаларды басқаларға байланысты моральдық жауапкершіліктерден босатады [23]. Мемлекет негізінде әлеуметтік ережелерге, заңдарға, нормаларға, құндылықтарға және қоғамның тиісті корпоративтік мінез-құлыққа деген үміттеріне әсер ете алатын маңызды институционалды қатысушысы болып табылады [24].

Тағы бір еңбекте, мемлекеттік реттеуде Кэмпбелл жазғандай бизнес өкілдері, мемлекет және басқа да мүдделі топтар арасында келісімге қол жеткізуге негізделген мемлекеттік реттеуді қолдайтындығын айтқан [25]. Мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы байланысының соңында бизнесті жүргізу тәуекелдерін азайту және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында өзара іс-қимыл жасайды.

Мемлекет елде қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық тұрақтылықты сақтау мақсатында бизнес өкілдермен өзара қарым-қатынасқа түседі. Тиісінше, бизнес өкілдерімен бірге өзара іс - қимыл кезінде мемлекет өз алдында тұрған келесі міндеттерді шешуге тырысады; қоғам мүдделерін сақтау, бизнесті әлеуметтік және мемлекеттің мәселелерін шешуге шақыру; нақты белгіленген "ойын ережелерін" дайындау және жариялау, бизнестің әлеуметтік бағдарланған салаларына көмектесу және дамыту, мемлекеттің экономикасын тұрақты дамуын қолдау болып табылады.

Бизнес пен мемлекет арасындағы байланыс саласын екі жақтан қарастыра отырып, оларды әрі қарай әлеуметтік - экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік билік пен жергілікті басқару органдарының, кәсіби мекемелер мен мен бизнес өкілдерінің серіктестік жүйесін түсіну ұсынылады. Бұдан шығатын түйін, мемлекет өзара байланыс процесінде әлеуметтік - экономикалық мәселерді шешуге ұмтылса, бизнес өкілдері өздерінің тұрақты экономикалық дамуын қолдауға бар мүмкіндіктерін жұмсайды [26].

Уақыт өте келе түрлі дағдарысты өткізген мемлекеттер тәжірибесінен байқалғанда, мемлекет пен бизнестің байланысы әсіресе дағдарыс немесе пандемия кездерінде күшейе түседі. Осы туралы ХЭЫДҰ дерегіне байланысты 2008-2009 жылдары болған жаһандық қаржылық - өндірістік дағдарыс және одан кейінгі депрессия экономикалық ойдың "негізгі ағымы" (main-stream) үшін сынақ болды және осы мысал мемлекет пен бизнес арасындағы өзара байланысын қайта қарастыру керек екенін көрсетті [2].

Мемлекеттің экономикадағы реттеуші рөлі төмендеген басқару моделінің дағдарысы мемлекеттің бизнеспен тандемдегі позициясын күшейтуге әкелді. Мемлекеттің капиталына қатысатын кәсіпорындардың рөлі де өседі [27].

Жалпы міндет ол мемлекеттік реттеу арқылы дағдарысқа тойтарыс беріп, сол арқылы дағдарысты жеңіп, одан шығудың түрлі жолдарын қарастырып жеңіске жету.

Бизнес субъектілерінің ерекшеліктері мен функциялары

Әлемдік дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне байланысты, жеке кәсіпкерлік мемлекетте нарықтың маңызды бір бөлімі ретінде қарастырылады. Себебі ол мемлекеттің экономикасын дамытуда ерекше орын алады. Жеке кәсіпкерлік жалпы өзінің ерекшелігіне байланысты, үлкен, орташа және кіші кәсіпкерлікке бөлінеді. Бұл бөліністің маңыздылығы мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге қолдау көрсеткенде қолайлы болады. Осы кәсіпкерлердің топтарға бөлінгені, мемлекет тарапынан оларға жеңілдіктер немесе қолдаулар қарастырғанда ыңғайлы болады, әрине Кейнс теориясы бойынша әсіресе мемлекетке дағдарыс уақытында өте тиімді болады. Жалпы жеке кәсіпкерлік түрлерін анықтаудың бірнеше тәсілі бар, алайда нақты тәжірибеде бір ғана атпен берген анықтамасы жоқ. Үлкен, орташа және кіші кәсіпкерлік түрін түсіндіру және айқындау, ол мемлекеттің, ол мемлекеттің кәсіпкерлік саласының, оның қағидаларының және басқа да факторларға қатысты анықтап, жеке кәсіпкерліктің сапалық және сандық өлшемдерін анықтайды.

Осыған байланысты, көптеген мемлекеттерде үлкен, орташа және кіші кәсіпкерлік түрлерін, көбіне, олардың жұмысшылар санына, жарғылық капиталдың мөлшеріне, активтердің мөлшеріне, айналым көлеміне (пайда, кіріс) байланысты ажыратады. Көптеген дамыған және дамушы елдерде жеке кәсіпкерлікті түріне бөлгенде негізгі критерий қылып есептік кезеңдегі қызметкерлер санын анықтайтын өлшемді алады. Мысалы, Еуропалық қоғамдастықта шағын бизнеске келесі көрсеткіштерден аспайтын критерийлерді жазған: ұйымда істейтін жұмысшылар саны 50 адамға дейін, жылдық айналымы 10 млн доллардан кем, теңгерім сомасы 10 млн доллардан кем. Ал орташа бизнеске келесі көрсеткіштерден аспайтын критерийлерді жазған: ұйымда істейтін жұмысшылар саны 250 адамға дейін, жылдық айналымы 50 млн доллардан кем, теңгерім сомасы 43 млн доллардан кем. Орташа бизнес көрсеткіштерінен асса онда үлкен бизнеске жатады (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471 теңге бағамын бекітті) [28].

Енді, Дүниежүзілік банктің анықтамасына сәйкес қарасақ, шағын бизнеске келесі көрсеткіштерден аспайтын критерийлерді жазған: ұйымда істейтін жұмысшылар саны 49 адамға дейін, жылдық сату 3 млн доллардан кем. Ал орташа бизнеске келесі көрсеткіштерден аспайтын критерийлерді жазған: ұйымда істейтін жұмысшылар саны 300 адамға дейін, жылдық сату 15 млн доллардан кем. Орташа бизнес көрсеткіштерінен асса онда үлкен бизнеске жатады. Алайда, Дүниежүзілік банк тобының эксперттерінің бизнесті анықтаудың бірыңғай стандартты анықтамасы жоқ, бірақта көптеген елдерде Дүниежүзілік банк бизнестің түрін анықтау үшін осы критерийлерді пайдаланады (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471 теңге бағамын бекітті) [29].

Алайда, Америка Құрама Штаттарында (АҚШ) бизнес субъектілерінің түрлерін анықтағанда, басқа елдерге қарағанда көптеген айырмашылығы болады. Мысалға, АҚШ экономиканың негізгі салаларына қатысты ШОБ өкілдері келесі санаттар бойынша, кәсіпкерлердің қызметкерлерінің орташа саны және орташа жылдық табысын ескеруіміз қажет, және өңдеуші және өндіруші өнеркәсіп мекемелерінің қызметкерлері бес жүз адамнан асапуы керек, ал өндірістен басқа салаларда бизнес ұйымдары үшін орташа жылдық табыс - 7 млн.доллар болуы шарт. Шағын кәсіпкерлікке құрылыс саласы бойынша критерийі бас құрылыс және ауыр құрылыс жұмыстарына мердігерлік 33,5 млн. доллар немесе топырақ қазу бойынша жер жұмыстары 20 млн. доллар болуы шарт. Ал, енді қызмет және сауда бойынша 7 млн. доллар болуы шарт (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471теңге бағамын бекітті) [30].

ХЭЫДҰ мәліметі бойынша Грузия елінде статистика департаментінің талабына сәйкес орта кәсіпкерлікке кәсіпорын жұмыскерлерінің жылдық саны 250-ге дейін және айналымы бар кәсіпорын 60 млн. лариден артық болмауы қажет (жиырма млн. евро), ал шағын кәсіпорын болса кәсіпорын жұмыскерлерінің жылдық саны 50-ге дейін және айналымы 12 млн. лариден (төрт млн. евро) артық болмауы қажет (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1 лариға Т149 теңге бағамын бекітті) [27].

ҚРКК-нің 24-бабына сәйкес елімізде кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары, кәсіпкер жұмыскерлерлерінің жылдық орташа санына және жылдық орташа кірісіне байланысты шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері болып бөлінеді. ҚРКК-ке байланысты шағын кәсіпкерлік субъектілері нормативтік ережелерге сай жылына қызметкерлер саны 100 ден аспайтын және жылына орташа табысы 300 мың соммасынан аспайтын кәсіпкерлік субъектілері жатады. Тағы ҚРКК-ке сәйкес, микро кәсіпкерлік субъектілері нормативтік ережелерге сай жылына қызметкерлер саны 15 тен аспайтын және жылына орташа табысы 30 мың соммасынан аспайтын кәсіпкерлік субъектілері жатады.

ҚРКК-ке сәйкес орта кәсіпкерлік субъектілері нормативтік ережелерге сай жылына қызметкерлер саны 250 ден аспайтын және жылына орташа табысы 3 млн. теңгеден аспайтын кәсіпкерлік субъектілері жатады.

ҚРКК-ке сәйкес ірі кәсіпкерлік субъектілері нормативтік ережелерге сай жылына қызметкерлер саны 250 ден асатын және жылына орташа табысы 3 млн. теңгеден асатын кәсіпкерлік субъектілері жатады [31].

Сонымен қатар, ҚРКК-нің үшінші бабында бизнес субъектілері мен мемлекеттің байланыс іс-қимылының мақсаттары мен қағидаттары жазылған. ҚРКК-ке сәйкес олардың бір бірімен байланысы еліміздің бизнес субъектілерін дамыту және халық үшін қолайлы жағдай жасауға, бизнес субъектілерін қызмет жасауларына қызықтыру үшін арналған. Олардың бір бірімен байланысының негізгі қағидалары келесідей: іс шараның барлығы заңды түрде жасау, бизнес өкілдерінің еркіндігі және олардың теңдігі, олардың жеке шарауларына қол

сұғылмаушылық және адал бәсеке, мемлекеттік ұйым қызметінің ашық болуы және де ақпараттармен уақытылы қамтамасыз ету, бизнес өкілдерінің қызмет жасауына қызықтыру, оларды қорғау және қолдау, мемлекеттің бизнес өкілдерінің шаруасына заңсыз араласпау [31].

ҚРКК-нің 7-тарауында кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу туралы жазылған және бизнес субъектілерін мемлекеттік реттеу мақсаттары, міндеттері мен шектері нақтыланып жазылған. Мемлекеттік реттеу мақсатына бизнес ұйымдары жасайтын және саудалайтын заттарын, олар атқаратын қызметтерінің халық өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етуі және оларды заң шеңберінде қорғау, сыртқы ортаның қауіпсіздігін, елдің қауіпсіздігін, елдің мүлкін қорғау және де мемлекеттің экономикасын дамытатын бизнес өкілдеріне қажетті жағдай жасау болады [31]. Бизнес субъектілерін мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері келесідей жазылған, оларға халықтың өмірі мен денсаулығын қорғау, сыртқы ортаны сақтау, тең бәсекелестікті жетілдіруге қолайлы жағдайды қамтамасыз ету, бизнес субъектілерін заң шеңберінде, таза жұмыс жасауына мүмкіндік жасау, сатып алушылардың құқығын сақтау болып табылады [31].

Зерттеу әдістері

Осы магистрлік жобада Пандемия уақытында әлемдегі және Қазақстандағы мемлекет пен бизнес арасындағы байланысты зерттеуде сапалық зерттеу әдісінің, салыстырмалы және статистикалық, кейс-стади әдістері қолданылды. Бизнесі дамыту бойынша іске асырылатын мемлекеттік саясат пен бағдарламаларды зерделеуде контент әдісі пайдаланылды. Сондай - ақ екінші деректерден жиналған ақпараттарды өңдеу нәтижесінде алынған ақпаратпен байланысты кабинеттік зерттеу әдісі кеңінен қолданылды. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде бизнес субъектілерін дамыту үшін, ең заманауи бизнес субъектілерін қолдау құралдарын енгізуге тырысады. Сондықтан, бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар бойынша заңнаманы жетілдіру және қабылданатын шаралар бойынша ұсынымдар әзірлеуде шетелдің және Грузия елі бойынша Кейс-стади әдісі қолданылды.

Осы магистрлік жұмыстың мақсаты Қарағанды облысының мысалында кәсіпкерлікті қолдау тұрғысында мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасқа COVID-19-дың әсерін талдау және анықтау арқылы, олардың арасындағы байланысты жетілдіру жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу екенін ескере отырып, магистрлік жұмыста мемлекет пен кәсіпкерлік арасындағы байланысқа және кәсіпкерлік сала бойынша мемлекеттік саясаттың тұжырымдамаларына жалпы түсінік беріледі. Зерттеудің негізгі тәсілдерінің бірі бұл мәселені жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін кейс-стади әдісі. Кейс-стади әдісінің басқа әдістерден ерекшелігі, ұсынылған жағдайды зерттеу (кейс), іріктеу, жұмысқа жетіспейтін ақпарат және деректерді зерделеу және талдау, негізгі мәселелердің нақты шешудің қолайлы жолдарын көрсету сонымен қатар ең үздік ұсыныс немесе шешімді ұсыну. Мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасқа COVID-19-дың әсерін қарастыра отырып халықаралық

тәжірибені ескере отырып, Грузия елінің COVID-19-қа қарсы мемлекеттік саясатын талдау үшін осы магистрлік жұмыста кейс-стади дизайны қолданылды. Бұл кейс-стади әдісі магистрлік жұмысты терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мемлекеттің шаралары және осындай іс-әрекеттердің нәтижелері мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасқа COVID-19-дың әсеріне қатысты мемлекеттік саясатты қайталама талдау негізінде, тақырыптық зерттеуді әзірлеу шеңберінде зерделенетін болады.

Сонымен қатар, қатерлі COVID-19 індеті тек адамзаттың деңсаулығынан басқа, барлық салаларға оның ішінде, мемлекеттік жүйені бұзып, халықаралық тұрақтылықты жойып, экономикалық дамуды тежеді, мемлекет пен бизнес арасындағы байланысқа өзінің әсерін тигізді. Осыған қарсы әлем мемлекеттері экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында COVID-19 індетіне қарсы түрлі шаралар мен іс-әрекеттерді уақытылы қабылдауға мүдделі болды. Осындай уақытылы COVID-19 індетіне қарсы бағдарламалар мен тиімді мемлекеттік саясаттың арқасында әлем мемлекеттері оның ішінде Грузия мемлекеті кәсіпкерлік саласындағы көрсеткіштердің өсуіне айтарлықтай үлес қосты деген қорытындыға келді. Грузия мемлекетінің халықаралық дәрежеде бизнес субъектілеріне қолайлы жағдай жасайтын ең үздік мемлекеттер қатарына кіруіне бірден бір себеп - мемлекет тарапынан кәсіпкерлік салаға тиімді мемлекеттік саясаттың болуы деп айтуға болады. Ол туралы төменде негізгі тарауда толығырақ жазамыз. Зерттеудің мақсаты - Қарағанды облысының мысалында кәсіпкерлікті қолдау тұрғысында мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасқа COVID-19-дың әсерін талдау және анықтау арқылы, олардың арасындағы байланысты жетілдіру жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу. Осылайша, магистрлік жұмыста нақты Грузия мемлекетінің COVID-19 індетіне қарсы саясатыны талданып, зерттелді. Кейс-стади зерттеу тәсілі жалпы саясаттану ғылымында кеңінен қолданылады.

Сонымен қоса, бұл магистрлік жұмыс статистикалық және контент талдау әдістерін қолданып, зерттелді. Пайдаланылған қайталама зерттеулер сонымен қатар халықаралық және Грузия мемлекетінің ресми органдарының кәсіпкерлік саладағы мемлекеттік саясаты бойынша заңнамалық актілері мен жарияланымдарын қамтиды. Осы магистрлік жұмыста мәселерді талдау және зерттеу мақсатында басқа ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері мен ойлары қолданылды. Халықаралық және отандық тәжірибеде кәсіпкерлік саладағы мемлекеттік саясатты талдау, зерттеу және бағалау негізінен заңнамалық актілерге, ғалымдардың, эксперттер мен саясаткерлердің статистикалық деректері мен зерттеулеріне негізделіп жазылды. Бұл статистикалық және контент талдау әдісі қолайлы, себебі ол пайдалы және сенімді, әртүрлі ресурстардан қол жетімді болып табылады мысалға интернет жүйесінен, кітаптардан және ресми басылымдар алуға болады.


Талдау және зерттеу нәтижелері

Пандемия жағдайында бизнесті қолдау мен дамытудың халықаралық тәжірибесі

Кейнс теориясына сәйкес, дағдарыс кезінде халықаралық тәжірибеге байланысты, мемлекет өзінің тұрақты және орнықты дамығысы келсе, ондай жағдайда мемлекет тарапынан болатын әлеуметтік-экономикалық іс - шараларды бизнес субъектілерді ынталандыруға қатысты іске асыру қажет.

Кейнс теориясын ескере отырып, коровирус дағдарысына байланысты әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттер бизнес субъектілерін қолдау және дамытуға қатысты табыстың міндетті шарты өнімнің неғұрлым басым түрлерін өндіруді ынталандыру, салық жеңілдіктерін, жеңілдікті банктік несие беру, сақтандыру жүйесін дамыту арқылы жан-жақты және тұрақты мемлекеттік қолдау жасап тұрады. Оның ішінде маңызды орынды бизнеске қатысты заңнаманы қабылдау мен орындауды, нақты кешенді бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асырады. Себебі, дағдарыс уақытында қанша дамыған немесе дамушы мемлекет бизнес субъектілеріне қолайлы қаржылық немесе қаржылық емес жағдайға жасауына қарамастан, бизнес субъектілері өздігінен мемлекеттің араласуынсыз дағдарыстың экономикалық салдарына төтеп беруіне қауқарсыз болды.

Осыған байланысты, Кейнс теориясына сәйкес мемлекет короновирус дағдарысына байланысты қатты зардап шеккен үй шаруашылықтары мен бизнес субъектілеріне көмек көрсету үшін салық – бюджет және ақша - несие бағыттарында және қаржы нарықтарында мемлекеттің саясатын күшейтуге байланысты нақты іс – шаралар жұмысын атқару керек. Осы іс – шаралар жұмысын Халықаралық валюта қорының ақпаратына сәйкес 1 - суреттен 20 – топ елдің COVID-19-ға жауап ретінде экономикалық саясат шаралары экономикасы дамыған мемлекеттер де, нарығы дамып келе жатқан мемлекеттер де, дамушы мемлекеттер де жүзеге асырып жатты.



1 сурет - 20-топ елдің COVID-19-ға жауап ретінде экономикалық саясат шаралары

Ескертпе: Автор суретті [44] дерек бойынша құрастырған

Бұл іс – шаралар жұмысы мемлекеттегі тұрақсыздықты тежеп экономиканың тұрақтандыруына және дағдарыс уақытында жойылған экономикалық белсенділікті орнына келтіруге көмек береді [32].

Жоғарыдағы суреттен байқайтынымыз, Халықаралық валюта қорының мәліметіне сәйкес дағдарысқа байланысты экономикасы дамыған елдер мен нарығы қалыптасқан мемлекеттердің саясаттары түрлі болған. Дамыған мемлекеттер, нарығы қалыптасушы елдерге қарағанда, дағдарыс уақытында реттеушілік саясатты екі есе төмен дәрежеде ұстанған. Бұл жерде, 2020 жылғы 1 сәуірдегі уақытқа байланысты несиелер/қаржылық саясат бағытына елдің кепілдіктері, мемлекеттік ұйымдардан бизнес субъектілеріне және үй шаруашылықтарына берілетін несиелер, шарттарды жеңілдету (төлемдерді кейінге қалдыруды бойынша шаралар және несиелерді қайта қаржыландыруды туралы шаралар) және несиелерді реттеуді жеңілдету бойынша жұмыстар кіреді. Салық саясаты бойынша бағытқа салықтарды азайту, салық төлеуден толықтай босатылу, салық базасын азайту және салық төлеу уақытын ұлғайту бойынша жұмыстар жатады. Әлеуметтік саясат бағытына жұмыссыз қалғандарға жәрдемақы төлеу, еңбекке жарамсыз адамдарға көмек, ақшалай немесе заттай көмек беру болып табылады. Реттеу саясатының бағытына нарықтағы баға мен еңбек байланысын түзеу және сауда шектетуі бойынша жұмыстар кіреді. Ал саясаттың басқа шараларына елдің инвестициялар мен бизнес субъектілерді субсидиялау бойынша жұмыстары қамтиды [32, 33].

Коронавирусқа байланысты әлемдегі елдер дағдарыстан зардап шеккен үй шаруашылықтары мен бизнес субъектілерінің экономикалық белсенділіктерін жоғарлату және шығындарының орнын толтыру үшін салық-бюджет саясаттарын жедел түрде қабылдады. Мысалға, коронавирус дағдарысынан зардап шеккен бизнес субъектілеріне экономикасы дамыған көптеген мемлекеттер Австралия, Германия, Испания, Италия, Біріккен Корольдік, АҚШ, Франция және Жапония сияқты мемлекеттер салық - бюджет саясаты бағытында көптеген жедел кешенді жоспарлар енгізді [32, 33].

Ал, нарығы дамып келе жатқан мемлекеттер және дамушы мемлекеттер Индонезия, Қытай және Оңтүстік Африка сияқты мемлекеттер коронавирус дағдарысынан зардап шеккен бизнес субъектілері мен қызметкерлерге тікелей бюджеттік қолдау көрсетті. Егер, бұл өзгерістер көмек болмаса, онда салықтық-бюджеттік саясат бойынша жұмысты жетілдірді [32, 33].

Дағдарысқа байланысты, Кейнс теориясына сәйкес, дамып келе жатқан, нарығы бар мемлекеттер және дамушы мемлекеттер бизнесті қолдау бойынша қолданыстағы қолдау бағдарламалары кеңейтілуі және мүмкіндігіне қарай жаңа бағдарламалар қабылдауға мәжбүр болды. Осыған байланысты Үндістанда, Кенияда, Руанда мен Уганда елдерінде цифрлық технологияларды кірістерді қолдауға және белгілі бір тұлғаларға немесе бизнес субъектілеріне тікелей

трансферттерді беру бойынша пайдаланылды. Дағдарыс уақытынды цифрлық технологиялары дамымаған елдерде бизнеске уақытылы қолдау шараларын жеткізу тікелей трансферт немесе коммуналдық қызмет бойынша шаралар толық іске аспады [32, 33].

Дағдарысқа байланысты мемлекет тарапынан үй шаруашылықтары мен бизнес субъектілеріне дағдарыс залалын азайту мақсатында ақша трансферттері, жалақыны субсидиялауға, салық жеңілдіктері және қарызды өтеу мерзімін ұзарту және кейінге қалдыру бойынша шаралар қабылданды. Осы шаралар көптеген елдерде кешенді түрде жүзеге асты. Осыған мысал, Қытай мен Италия мемлекеттерінде үкімет тарапынан ең көп шығын болған өңірлер мен салаларды салықтан, әлеуметтік төлем, ипотекалық төлем және жалдау төлемдерін белгілі бір мерзімге созуды немесе мүлдеп алып тастау; Жапония елінде дағдарысқа байланысты мемлекет тарапынан үй шаруашылықтары мен бизнес субъектілеріне қаражат бөлу, сонымен қоса салықтан және әлеуметтік қамсыздандыру жарналарын кейінге шегеру бойынша; Канада мен АҚШ елінде дағдарысқа байланысты қаржат аударымдарын көбейту, жалақыны субсидиялады және өңірлік салықтар мен кредиттерге қатысты төлемдерді төлеу уақытын созу; Германия мен Испания мемлекеттерінде салық төлемдерін белгілі бір мерзімге пайызсыз шегеру немесе тоқтату, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және бизнес субъектілеріне бағыттылған қаржат аударымдарын енгізу туралы; Үндістан елінде мемлекет тарапынан азық-түлік және кедей үй шаруашылықтарына бағыттылған қаражат трансферттері, фермерлер мен көше сатушыларына жеңілдікті несиелер, мемлекет тарапынан дағдарыстан қатты зардап шеккен салаларға кепілдік беру; Ботсвана мен Оңтүстік Африка мемлекеттерінде салық саясаты бойынша жетілдіру шаралары және жалақыға қаржылай трансферттер және субсидиялар туралы шешімдер; Таиланд елінде қосылған құн салығына қатысты жеңілдіктер жасалды [32, 33].

Оңтүстік Корея әкімшілігі автомобиль жасау, әуе жолдары, кеме жасаушылар және мұнай өңдеу кәсіпорындары сияқты дағдарыстан зардап шеккен стратегиялық салаларға қолдау көрсетті. Бұған жаңа автомобильдер сатып алуға және инвестиция көлемін арттыратын бизнес субъектілеріне қолдау ретінде салықтық жеңілдіктер кірді. Жапонияда мемлекеті бизнес субъектілері үшін ұсынылған шараларға несиелер беру схемалары мен несиелік кепілдіктер, салық декларациясын берудің ұзақ мерзімі туралы және бизнес субъектілерінің кейбір салықтарын алып тастау және субсидиялар бойынша шешім қабылдады. Польша, Украина, елдері ұқсас бизнеске қолдау шаралары салық жеңілдіктері жыл соңына дейін табыс пен мүлікке салынатын салықтар, кәсіпорындар үшін жеңілдікті несиелер беру, фермерлерге, ауыл шаруашылығы, құрылыс және туризм салаларына ақшалай жәрдемақылар беру туралы шешім қабылдады [32, 33].

2020 жылы АҚШ Сауда палатасының COVID-19 әсері сауалнамасының нәтижесі бойынша әрбір төртінші шағын кәсіпорын АҚШ уақытша жабылған және жұмыс жасап тұрған бизнес субъектілерінің 40% келесі екі апта ішінде уақытша жабылуын жариялаған. Шағын бизнестің жартысына жуығы (46%)

АҚШ экономикасына қалыпты жағдайға оралу үшін алты айдан бір жылға дейін уақыт кетеді деп санайды. Бірақ бұл COVID-19 дағдарысына қарамай бұл кәсіпкерлердің 56% мемлекеттен тікелей ақшалай төлемдер, 30% бизнес әкімшілігі үшін дағдарысқа байланысты несиелер және 21% бизнес субъектілері үшін жалақы салығын уақытша алып тастау қолдауын сұраған. Нәтижесінде, мемлекет тарапынан бизнес субъектілеріне тікелей ақшалай төлемдер, коронавирустың әсеріне байланысты несиелер және жалақы салығын алып тастау туралы шешімдер қабылданды [34].

Дағдарыс уақытында Кейнс теориясына сәйкес, уақытылы қабылданған мемлекеттік шаралар бизнес субъектілерінің банкрот болуын азайтты және жабылуына жол бермеді, экономикалық белсенділікті қалпына келтірді. Бұл бизнесті салықтық жеңілдік, жалақыны субсидиялауға байланысты қолдау шаралары негізінен көптеген мемлекеттерде ұқсас болды. Оған мысал, Италия елінде дағдарыстан зардап шеккен өңірдегі бизнес субъектілеріне салық төлеу уақытын ұлғайтты; Индонезия елінде туризм бағыты бойынша және жергілікті бизнеске салықты азайту бойынша шешім қабылданды; Испания елінде жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы бағыты бойынша қолдаулар және қызметкерді жұмыстан қысқартпайтын бизнес өкілдеріне әлеуметтік аударымдар бойынша нөлдік ставка қабылданды; Жапония елінде қызмет орындарын сақтап қалатын бизнес өкілдеріне субсидияларды ұлғайтуы бойынша; Дания елінде қызметтен қысқарту қаупі бар қызметкерлердің жалақысының 75-ға дейін субсидиялау қарастырылды; Ресей үкіметі дағдарыстан шығындалған бизнес өкілдеріне салықты мерзімін ұлғайту бойынша шешім қабылдады (оның ішіне қосымша құн салығы кірмейді); Корея елінде бизнес субъектілерінің қызметкерлеріне жалақыны субсидиялау және жалақыға қатысты жәрдемақыларды ұлғайту бойынша шаралар қарастырылды; Корея мен Жапония елдері дағдарыстан шығынға ұшыраған бизнес өкілдеріне несие кепілдіктерін ұлғайты; Филиппин, Германия, Испания және Италия елдері бизнеске қатысты қаржыландыру бойынша, жаңа ұлғайтылған кредит және кепілдік пакетін ұсынды. Қытай елінде кредит алған бизнес өкілдеріне несие мен пайыздарды айыппұлсыз төлеуді белгілі бір мерзімге шегеру және босату бойынша шешімдер қарастырылды. Сонымен қоса, дағдарысқа байланысты Қытай елінде Халық банкі медициналық бағыттаға заттар мен бірінші кезекте қажетті тауар жасайтын бизнес өкілдерді дамыту және қолдау мақсатында төмендетілген пайыздық деңгейдегі несиелеу немесе қайта қаржыландыру құралдарын жетілдіріп оларды квотасын кеңейтті [32, 33].

Еуразиялық экономикалық одақ мүше елдері covid-19 пандемиясына қарсы мемлекеттік саясатты жүзеге асыра бастады атап айтқанда, экономикалық қызметтің баяулауына және табыс деңгейінің азаюына байланысты бизнес субъектілерін дамыту және қолдау мақсатында кешенді шаралар қабылдады [35].

Одаққа мүше елдердің Үкіметтерінің негізгі мемлекеттік саясаты, халықты әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту, бизнес субъектілері үшін салықтық жеңілдіктер және арзан несие беру бағытында, оның ішінде ең көп шығынға ұшыраған бағыттарды дамыту және қолдау шараларын іске асырды. Мысалы,

Армения елі, бизнес субъектілерінің жұмысшыларына біржолғы төлемдер осал бөлімдеріне қарастырды. Оған дағдарыстан қатты шығынға ұшыраған салалар қонақ үй және олардың жұмысшылары, қоғамдық тамақтандыру жұмысшылары, туристік, шаштараз, сұлулық салондар, сауда және тағы басқа сала жұмысшылары кіреді. Сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіп, қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй индустриясы, көлік және қоймалау, туризм, қызмет көрсету және денсаулық сақтау салаларындағы шығынға ұшыраған бизнес субъектілері үшін жеңілдетілген несие беру, тиімді жұмыс орындарын және микрокәсіпорындарды сақтау үшін біржолғы гранттар, ауыл шаруашылығы секторын және басқа сала бойын белгілі бір талап бойынша субсидиялау немесе қоса қаржыландыру қарастырылды. Бизнеске несие жергілікті банктер немесе кредиттік ұйымдар арқылы алғашқы 2 жыл ішінде нөлдік пайызбен қалған жылы 12% берілді және алғашқы 6 ай ішінде жеңілдік уақыты қарастырылды. Салық саласында бизнес субъектілері салықтарды төлемеген кезде тұрақсыздық айыбының күнделікті мөлшерлемесі 0,075% - дан 0,04% - ға жоғарылап және төленбеген салық сомасының өсуін қарастырды [35].

Беларусь Премьер-министрінің мәлімдемесіне сәйкес, экономиканың осал салаларының кәсіпорындарына уақытша тұру бойынша қызметтер, тамақтану бойынша қызметтер, жылжымайтын мүлікпен операциялар, туризм, қызмет көрсету саласына қолдау және қайта қаржыландыру бойынша жылдық 8% - ға дейін төмендету бойынша мемлекет тарапынан болатынын жариялаған. Сонымен қоса, салық саясаты бойынша жергілікті бюджеттерге төленетін салықтарды кейінге қалдыру және бөліп төлеу, жер салығы мен жылжымайтын мүлік салығын кейінге қалдыру және азайту, жалдау төлемдерін азайту және кейінге қалдыру туралы шешімдер қабылданды [35].

Қырғыз Республикасының Үкіметі бизнес субъектілерін қолдау мақсатында салық төлемдері бойынша кейінге қалдыру, есептердің ұсыну мерзімін ұзарту, салық санкциялары мен салық міндеттемелерін уақтылы орындамағаны үшін өсімпұлдарды алып тастау, жалдау төлемдері бойынша кейінге қалдыру туралы шараларды жүзеге асырды [35].

Ресей мемлекеті дағдарысқа қарсы бизнес субъектілеріне көмек ретінде несиелер бойынша жеңілдікті кезең, коммуналдық төлемдерді кейінге қалдыру, еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды жабу, жалдау төлемдерін кейінге қалдыру және одан босату, кредиттік төлемдер мен салықтарды кейінге қалдыру үшін экономиканың қатты зардап шеккен салаларына қатысты бизнес субъектілеріне субсидия беру, бизнес субъектілеріне жеңілдікті несие беру бағдарламасына қолжетімділігі (8,5% - бен) кеңейтілді және кәсіпорындарға жеңілдікпен кредит беру ең көп зардап шеккен салалар еңбек шығындарын жабу үшін алғашқы 6 айда 0% және келесі 4 айда 4% несие беру туралы шешім қабылдаған [35].

Жалпы, Кейнс теориясы тұрғысынан, шет елдің мемлекеттері ковид дағдарысы уақытында елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру мақсатында, бизнес субъектілеріне көптеген қолдаулар көрсетті. Соның бірқатар мысалдарын жоғарыда атап көрсеттік. Сол бизнес субъектілерін

қолдау шаралары біздің елде жүзеге асырылған болатын. Ол туралы осы жобаның келесі бөлімдерінде толықтай жазылатын болады. Ендігі кезекте, Грузия елін нақты мысал ретінде қарастырып, ол елдегі дағдарыс уақытында мемлекет пен бизнес субъектілернің байланысын зерттеп, ол бағдарламалардың тиімділігін қарастырып, осы Кейс стади әдісі арқылы Қазақстан елінде жасалған шаралармен салыстырып көретін боламыз.

Бұл жобада Грузия мемлекетін алу себебі, негізінен бұл елдің тарихи жағдайы, халқы, экономикасы мен әлеуметтік жағдайы, мемлекет тарапынан бизнес субъектілеріне халықаралық дәрежеде ең қолайлы жағдай жасайтын мемлекет ретінде топ оң елдің қатарына кіруіне байланысты және ол елдің бизнес субъектілерінің құрамы мен салалары Қазақстан еліне ұқсастықтары болғандықтан таңдалды. Грузия елі 1991 жылы Қазақстан елі сияқты Кеңес үкіметінен бөлініп шығып өзінің егемендігін алды. Сол уақыттан бастап екі ел, өздерінің экономикасы мен әлеуметтік жағдайларын жақсарту үшін бірнеше мемлекеттік деңгейде реформалар жасайды. Дүниежүзілік банктің ақпаратына сәйкес Грузия елі 2020 жылы (14 732 АҚШ доллар) 1992 жылмен (2 594 АҚШ доллар) салыстырғанда жан басына шаққандағы ЖІӨ, сатып алу қабілетінің паритеті 5,7 есеге өскен, ал Қазақстан мемлекетінде 2020 жылы (26 754 АҚШ доллар) 1992 жылмен (7 325 АҚШ доллар) салыстырғанда жан басына шаққандағы ЖІӨ, сатып алу қабілетінің паритеті 3,6 есеге өскен (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471 теңге бағамын бекітті) [68, 69]. Қазақстан Енді дағдарыс уақытында Грузия елінде мемлекет тарапынан жасалған кәсіпкерлерге қолдау және дамыту шараларына, олардың тиімділігін зерттеп көреміз.

Ковид 2019 індетіне байланысты 2020 жылдың 24 сәуірінде Грузия мемлекеті экономикалық көмекке және пандемияға қарсы шараларға 1,1 млрд. доллар немесе жалпы ішкі өнімнің 6% көлеміндегі қаражатты жұмсайды (Қазақстан жалпы ішкі өнімнің 9% жұмсады) [36]. Оның 115 млн. доллар немесе жалпы ішкі өнімнің 0,6%-ы денсаулық сақтаудағы пандемиямен күреске, 690 млн. доллар немесе жалпы ішкі өнімнің 3,5% бизнес субъектілерін қолдау мен дамытуға, халықты әлеуметтік қолдау мақсатында 338 млн. доллар немесе жалпы ішкі өнімнің 1,7% жұмсалды [36]. Сол жылдың 9 маусымында Грузия Үкіметі дағдарысқа қарсы жоспарды іске асыру үшін қайта құрылымдалған бюджетті ұсынды, ол жалпы сомасы 1,47 млрд. доллар немесе жалпы ішкі өнімнің 7,4% құрады. Ол қаражат Халықаралық қаржылық қолдау есебінен, оның ішінде Азия даму банкі, Халықаралық валюта қоры және неміс Кредит Банкі тарапынан тартылды. Сонымен қоса, Грузия Ұлттық Банкі банктердің өтімділігін бір мезгілде қолдай отырып, ақшалай-кредиттік ынталандыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарды. Сол жылдың 29 сәуірінде есептік мөлшерлеме 0,5 пайыздық тармаққа 8,5% - ға дейін төмендеуге ықпал етті, және де Ұлттық банк қаржы секторының өтімділігін қолдауға байланысты банктерге және микроқаржы ұйымдарына 200 млн. доллар бөлді (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471 теңге бағамын бекітті) [36, 37].

Грузия мемлекеті дағдарысқа қарсы жоспар шеңберінде бизнес субъектілеріне 157 млн. доллар, оның ішінде шағын және орта кәсіпорындарға 94 млн. доллар ұсынатын несиелік үлгі және 108 млн доллар қаражатқа 90% коммерциялық қарыз кепілдіктеріне қаражат бөлді [36, 37]. Дағдарысқа қарсы жоспар шеңберіндегі шаралардың бірі кәсіпкерлерге міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру, жұмыс берушілер төлейтін табыс салығын төлеудің 2020 жылдың 1 қарашасына дейін кейінге қалдыру бойынша жұмыстар атқарылды. Дағдарысқа қарсы жоспар шеңберіндегі өз жұмысын тоқтата тұруға мәжбүр болған кәсіпкерлерге табыс салығын, сондай-ақ мүлік салығын 2020 жылдың 1 қарашаға дейін кейінге қалдыру туралы шаралар мемлекет тарапынан қолдау тапты (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471теңге бағамын бекітті) [36].

2020 жылдың мамыр айында мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге ауыл шаруашылығы, туризм және құрылыс салаларына көмек бөлу туралы жариялады. Оның ішінде туристік компаниялар мен гидтерді қолдау үшін 19 млн. доллар қонақ үй бизнесінің ұйымдарына, шағын және орта кәсіпорындар мен отбасылық компанияларға қосымша қаражат 1,6 млн. доллар несие мен субсидиялар бойынша қолдау көрсетілді (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471теңге бағамын бекітті) [36, 38].

Сонымен қоса, мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына арналған дағдарысқа қарсы жоспар бойынша 12 млн. доллар қаражат көзделді. Оның негізгі шарты 10 гектардан кем жері бар фермерлерге тікелей қолдау төлемдері, 7,4 млн. гранттардың 50% - ын техника, жылыжай және ирригациялық жүйелер сатып алуға болса, әлемдік тамақ стандарттарын енгізуге бағытталған несиелер қарастырылды, оған қоса мемлекеттік гранттың мөлшері 80% - ға дейін сүт мал шаруашылығы, жүзім шаруашылығы және бал өндірісі бағыттары бойынша қолдау тапты (ҚР Ұлттық банкінің ағымдағы жылдың 30 наурыздағы 1\$-ға Т471теңге бағамын бекітті) [39, 40].

Нәтижесінде дағдарысқа қарсы арналған бағдарламалар мен шаралардың арқасында Грузия мемлекеті бизнес субъектілеріне қолайлы жағдай жасап, дер кезінде кәсіпкерлерге қолдау көрсетудің арқасында дағдарыс уақытында бизнес субъектілерінің санын сақтап, керісінше 2020 жылы (758 478 бірлік) 2019 (722 695 бірлік) жылмен салыстырғанда 104,9% оның өсуіне мүмкіндік жасады. Сонымен қатар 2020 жылы (16 694 млрд.тенге) 2019 жылмен (15 917 млрд.тенге) салыстырғанда Грузия мемлекетінің бизнес секторының айналымы 104,8% - ға артты және әлеуметтік жағынан қарағанда халықтың тұрмыс тіршілігі жақсарып халықтың орташа айлық жалақысы 2020 жылы (178 543 тенге) 2019 жылмен (169 608 тенге салыстырғанда 105,3% өскен. Жалпы бұл дағдарыс уақытындағы нәтижелі көрсеткіштер Грузия елінде ковид уақытында мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен шаралардың тиімді және нәтижелі болғанын көреміз [41].


Енді Ковид 2019 індетіне байланысты 2020 жылы сәуірде Қазақстан мемлекеті экономикалық көмекке және пандемияға қарсы шараларға 14 млрд. доллар немесе жалпы ішкі өнімнің 9% көлеміндегі қаражатты жұмсайды. Осы

қолдау шаралары Грузия елінің қолдау шараларына ұқсас болып келеді. Негізгі шараларға осы жобаның келесі бөлімдерінде толығырақ тоқталатын боламын. Алайда, негізгілерін атап айтсақ, мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге арналған жеңілдетілген несие мен қарыздарды кейінге қалдыру шаралары, кәсіпкерлерге арналған мүлік, жер және табыс салықтарынан босату, экономиканың басым салаларына ауыл шаруашылығы және тағы басқа салаларға қолдау шараларын ұсыну болып табылды [42].

Осы жобаның алдыңғы бөлімінде, халықаралық тәжірибе көрсеткендей бизнес субъектілері санатқа байланысты 3 түрге, оның ішінде үлкен, орташа және кіші кәсіпкерлер болып бөлінетіндігіне тоқталған болатынбыз. Әлемдік тәжірибеге байланысты, әлем мемлекеттерінің кәсіпкерлерді санатқа бөлу мақсаты негізінен кәсіпкерлерге қолдау көрсеткенде, осы санатты ескере отырып жүзеге асырады. Осы кәсіпкерлер санаттарын ескере отырып, Қазақстан және Грузия мемлекетінің кәсіпкерлерлер санатарының артықшылықтары мен кемшіліктеріне салыстырмалы талдау жасаймыз.

Төмендегі екінші суретте екі елдің кәсіпкерлік саласының құрылымына зерттеу жасалды. Суретке сәйкес, елімізде жиырма бірінші жылы қызмет істеп тұрған 1 435 376 кәсіпкердің, 0,29% ірі санатқа немесе 3726 кәсіпкер, 0,21% орта санатқа немесе 2752 кәсіпкер, 99,5% шағын санатқа 1 428 893 кәсіпкер қызмет еткен [43].

Салыстырмалы түрде, Грузия мемлекетінде жиырма бірінші жылы қызмет істеп тұрған 847 436 кәсіпкердің, 0,07% ірі санатқа немесе 589 кәсіпкер, 0,33% орта санатқа немесе 2 865 кәсіпкер, 22,1% шағын санатқа немесе 187 798 кәсіпкер, 77,4% санаты анықталмаған немесе 656 184 кәсіпкерлер қызмет істеп тұрған. Осы салыстыруға қарағанда 2 мемлекетте көп қызмет жасайтын санатқа шағын кәсіпкерлікті жатқызамыз [41].



2 сурет - Қазақстан мен Грузия мемлекеттерінің кәсіпкерлер санатына қатысты мәлімет

Ескертпе: Автор суретті [41, 43] деректер бойынша құрастырған

Жалпы үшінші суреттегі салыстыруға қарап 2 мемлекетте жиырма бірінші жылы қызмет істеген заңды тұлғалардың қызмет түрлерінде бір салаларға қатысты сәйкестікті көреміз. 2 мемлекетте кәсіпкерлердің көпшілігі көтерме және бөлшек сауда, өндіріс, жөндеу қызметтері, құрылыс, жылжымайтын мүлік және жалға беру қызметтер салаларын шоғырланған.



3 сурет - Қазақстан мен Грузия мемлекеттерінің кәсіпкерлерінің қызмет істеп тұрған заңды тұлғаларының қызмет түрлеріне қатысты мәлімет

Ескертпе: Автор суретті [41, 43] деректер бойынша құрастырған

Жалпы үшінші суретке қатысты Қазақстан мемлекетінде кәсіпкерлердің қызмет түрінің үлесі: жиырма бес пайызы көтерме және бөлшек сауда саласында, оң екі пайызы құрылыста, тоғыз пайызы көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсынуда, жеті пайызы кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте, алты пайызы білім беруде, бес пайызы өңдеу өнеркәсібінде, төтке жуық пайызы көлік және жинақтауда, екі пайызы тұру және тамақтану қызмет көрсетуде болған. Грузия мемлекетінде кәсіпкерлердің қызмет түрінің үлесі: жиырма бір пайызы көтерме және бөлшек саудада, үш пайызы құрылыста, екі пайызы көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсынуда, екі пайызы кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте, бір пайызы білім беруде, беске жуық пайызы өңдеу өнеркәсібінде, үш пайызы көлік және жинақтауда, екі жарым пайызы тұру және тамақтану қызмет көрсетуде тіркелген [41, 43].

Төмендегі бірінші және екінші кестелерді салыстыра отырып 2 мемлекеттегі ірі санаттағы кәсіпкердің жұмысшыларының санында сәйкестікті көреміз. Басқа санаттар бойынша жұмысшылар санына қатысты ерекшеліктер бар.

1 кесте - Қазақстандағы кәсіпкерлердің санатына қатысты мәлімет

Санат	Қызметкерлер саны	Жылдық орташа айналымы теңге
Шағын	<100	<30 000
Орташа	101-249	30 000 - 3 000 000
Ірі	>250	>3 000 000

Ескертпе: Автор кестені [43]. дерек бойынша құрастырған

2 кесте - Грузия мемлекетіндегі кәсіпкерлердің санатына қатысты мәлімет

Санат	Қызметкерлер саны	Жылдық орташа айналымы теңге
Шағын	<50	<1 680 000
Орташа	51-249	1 680 000 000 - 8 400 000 000
Ірі	>250	>8 400 000 000

Ескертпе: Автор кестені [41] дерек бойынша құрастырған

Біздің елде шағын санаттағы кәсіпкерлердегі жұмысшылар саны жүзге дейін болса, Грузия мемлекетінде шағын санаттағы кәсіпкерлердің жұмысшыларының саны елуге дейін көрсетілген. Бұл салыстырудан орташа санаттағы екі елдің кәсіпкерлерінде ерекшеліктерді көреміз. Одан басқа, осы санаттағы кәсіпкерлердің жылдық орташа айналымында өзгешеліктер көрсетілген.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағытында екі мемлекетте бағдарламалардың негізгі мақсаты ол, бизнес субъектілерін қаржылық және қаржылық емес қолдауды қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын ашу, сол арқылы елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету. Кәсіпкерлікті қаржылық және қаржылық емес дамыту және қолдау мақсатында біздің елде АҚ «Даму», «KazIndustry», «Kazakh Export», «Kazakh invest», «QazTech Venture», «Атамекен» сияқты даму ұйымдары қызмет етсе, Грузия мемлекетінде «Enterprise Georgia and Georgia's Innovation and Technology Agency», «Georgian Chamber of Commerce and Industry», «The Georgian Employers' Association» (GEA) кәсіпкерлікті даму ұйымдары қызмет жасайды [44, 45].

Осы салыстырудан кәсіпкерлерді қолдау мен дамыту мақсатында екі мемлекетте даму ұйымдарының мақсаттары мен міндеттерінде ұқсастық бар. Мемлекет кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мақсатында бюджеттен қаражат бөліп, сол қаражатты даму ұйымдарының көмегімен іске асырып, оның нәтижелігіне бақылау жасайды.

Қазақстанда кәсіпкерлерге қолдау мен дамыту бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Оның мысалы ретінде мемлекетімізде 2021 – 2025 жылдарға арналған КДЖҰЖ шеңберінде жүзеге асып тұрған түрлі құралдар мысал, сонымен қатар салалық бағдарламаларды айтуға болады [46].


Кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мақсатында Грузия елінде жүзеге асырылып жатқан түрлі салалық бағдарламалар бар. Оның ішінде негізгілері ол, "Бизнестің әмбебап бағдарламасы", "Ауылшаруашылық несиелеу бағдарламасы", "Бизнесті экспорттау бағдарламасы", "Туризмді дамыту бағдарламасы", "MINI Georgia гранттар бағдарламасы", "Еркін өнеркәсіптік аймақ бағдарламасын" айтуға болады. Осыған қоса гранттық қаржыландыру бойынша Грузия елінің MINI Georgia гранттар бағдарламасында кәсіпкерлерге бір жылдық жоба үшін өтініш беруші жобасының жалпы бекітілген бюджетінен ең көбі 90 пайызды 14 млн.тг дейін қаражат ала алады. Бұл тәжірибені келешекте Қазақстан еліне енгізу мүмкіндігін қарастыру керек. Себебі, еліміздегі КДЖҰЖ шеңберінде гранттық қаражат бес млн.тенге дейін шектелген. Қазіргі әлемдегі жағдайға байланысты және ковид дағдарысына қатысты, сонымен қатар әлемдегі тұрақсыздық, инфляция және девальвацияға немесе ақшаның құнсыздануына байланысты КДЖҰЖ шеңберінде гранттық қаражатты 8 млн.дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру керек [44, 47, 48, 49].

Кейс стади тәсіліне сүйене отырып, осы магистрлік жұмыста, еліміздегі 2021 – 2025 жылдарға арналған КДЖҰЖ арнайы Грузия мемлекетінің Бизнестің әмбебап бағдарламасымен салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау үшін таңдап алдым. Елімізде 2021 – 2025 жылдарға арналған КДЖҰЖ шеңберінде несиелерді кепілдендіру және субсидиялау, кәсіпкерлерге арналған инфрақұрылымды қамтамасыз ету, сумен жабдықтау, кәріз, газдандыру, электр энергиясымен қамтамасыз ету құралдары жүзеге асырылады.

Жаһандану заманында, әлем мемлекеттері ковид дағдарысына байланысты жалпы елде тұрақтылық пен экомиканың дамуы үшін кәсіпкерлерге қолдау және дамыту шараларын жасап және оларды уақытылы жетілдіру үстінде. Осыған байланысты магистрлік жұмыста төмендегі 4 суретке байланысты Қазақстандағы 2021 – 2025 жылдарға арналған КДЖҰЖ шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау мен Грузия мемлекетінің Бизнестің әмбебап бағдарламасына қатысты салыстыру әдісі арқылы бағдарламалардың негізгі шарттарына және олардың ерекшеліктері мен сәйкестіктеріне зеттеу жасалды. Біріншіден, екі елде кәсіпкерлікті қолдау даму ұйымдары, яғни банктердің көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, КДЖҰЖ шеңберінде кәсіпкер үшін түпкілікті сыйақы мөлшерлемесі алты пайыз болып бекітілсе, Грузияның Бизнестің әмбебап бағдарламасында кредит алған жеке кәсіпкер қандай пайызбен қарыз алса, сол пайыздан бес пайызға азайтылып кредит ұсынылады. Нәтижесінде, бизнес субъектісінің банктен он пайызбен алған қарызын мемлекет бес пайызға төмендетеді яғни бес пайызын банкке мемлекет қайтарады. Одан басқа, КДЖҰЖ шеңберінде бизнес субъектісіне салалық шектеу жасалмаса, Грузияның Бизнестің әмбебап бағдарламасында бизнес субъектісіне салалық шектеу бекітілген. Яғни, Грузия мемлекеті бағдарламаға

қатысты нақты саланы дамытуға қатысты басымдықтар тізбесін жасаған. Соның негізінде бағдарламада, кәсіпкерлерге салалық шектеу жасаған. Бірақ, Грузияның Бизнесінің әмбебап бағдарламасында кәсіпкерге беретін кредит мөлшерінің мерзімі еліміздегі ҚДЖҰЖ қарағанда мерзімі 5 жылға үлкен. Грузияның Бизнесінің әмбебап бағдарламасында кәсіпкерге беретін кредит мөлшерінің мерзімі 10 жылды құраса, еліміздегі ҚДЖҰЖ бойынша 5 жылды құрайды.

Салыстыруды қорыта келе, осы Грузия елінің тәжірибесін Қазақстан еліне енгізу мүмкіндігін қарастыру керек. Себебі қазіргі дағдарыс уақытынан кейінгі кәсіпкерлердің жағдайына және халықтың төлем қабілетіне байланысты ойластыру керек. Одан бөлек, әлемдегі тұрақсыздық инфляция және ақшаның құнсыздануы немесе девальвация әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіпкерге беретін кредит мөлшерінің сомасы ҚДЖҰЖ бойынша оң алты бүтін бір млн. долларды құраса, Грузияның Бизнес әмбебап бағдарламасында үш бүтін екі млн. доллар бекітілген.



4 сурет - Еліміздегі ҚДЖҰЖ мен Грузияның Бизнесінің әмбебап бағдарламасының негізгі шарттарына қатысты салыстырмалы ақпарат

Ескертпе: Автор суретті [50, 51] деректер бойынша құрастырған

Сонымен қатар, басқа бір айырмашылық еліміздегі ҚДЖҰЖ шеңберінде несиелерді кепілдендіру және субсидиялау, кәсіпкерлерге қатысты коммуналдық инфрақұрылым, сумен жабдықтау, кәріз, газдандыру, электр энергиясымен

қамтамасыз ету бойынша кәсіпкерлерді қолдау құралдары ҚДЖҰЖ шеңберінде жүзеге асса, Грузия мемлекетінде кәсіпкерлерді несиелерді кепілдендіру және субсидиялау, кәсіпкерлерге қатысты комуналдық инфрақұрылымды жүзеге асыру құралдары түрлі мемлекеттің жекелей бағдарламаларында көрсетілген.

Жалпы COVID-19 дағдарысы мемлекет пен бизнес субъектілерінің бір бірімен байланысына өзінің оң нәтижесін берді деген тұжырымдаманы Дүниежүзілік экономикалық форум қатысушылары жазды. Осы дағдарыс уақытында бұл форумның қатысушылары бизнес субъектілері мен мемлекет арасындағы байланыс дағдарысқа дейінгі байланысқа қарағанда үлкен деңгейде болғанын жазды, бизнес субъектілерінің ішіндегі өзара ынтымақтастық жоғарлады, венчурлық капиталдың қол жетімділігі жалғасты, мемлекеттің саясатының арқасында банктердің тұрақтылығы жақсарды [52].

Қарағанды облысының мысалында пандемия жағдайында бизнесті мемлекеттік қолдаудың негізгі тетіктері мен құралдары

Шет елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бизнесті мемлекеттік қолдау экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді және қоғам үшін тұрақты дамуға кепілдік береді. Бұл дағдарыс экономикасының даму субъектісі бола алатын бизнес деп болжанады.

Елімізде кәсіпкерлікті тұрақты дамыту үшін тиімді бизнесті қолдау жүйесі жасалған. Бизнесті қолдау инфрақұрылымына мамандандырылған институттар жүйесі кіреді, сол арқылы мемлекет бизнесті қолдау, қорғау арқылы аймақтық саясатын жүзеге асырады. Мамандандырылған институттар мемлекеттің қатысуымен және бизнес өкілдерінің бастамасымен құрылады және өмір сүреді солардың көмегімен бизнес өкілдеріне тұрақты даму үшін жағдай жасайды.

ҚРКК-нің 105-бабына сәйкес елімізде жергілікті атқарушы мекемелердің бизнес өкілдерін мемлекеттік қолдау және дамыту бойынша шаралар мен міндеттер айқындалған, оларға бизнес субъектілерін қолдау және дамыту бойынша еліміздің саясатын тұрақты түрде жасау, бизнес субъектілерін даму үшін бар мүмкіндікті жасау, аймақтардағы іске асыралатын бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламаларын орындау және оны жүзеге асыру, аймақтарда бизнес субъектілеріне жаңашыл қызметті қолдау инфрақұрылым нысандарының құрылуы мен дамуын жүзеге асыру, эксперттік кеңестердің жұмысын жасау, аймақты жерде бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдауды тұрақты түрде жасау, бизнес субъектілері үшін олардың қызметкерлері мен жалпы мамандарды оқыту, дайындау, кәсіби білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар атқару, аймақтық кластерлердің дамуын іске асыру болып табылады [31].

Сонымен қатар, ҚРКК-тің 232-бабында бизнес субъектілерін оның ішінде шағын орта бизнес (ШОБ) мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары мен түрлері көрсетілген. Олардың негізгісі, ШОБ өкілдерін қаржы, материал, техника, ақпарат жағынан, сонымен қоса ғылым және техника, технология пайдалануы бойынша көмек көрсету, оларды заңды тіркеу мен тарату бойынша жұмыс ережелерін жеңілдету, салық салу бойынша режимді ыңғайландыру, ШОБ өкілдеріне несиелер беру бойынша бағдарламалар әзірлеу, оларды қолдау және

дамыту бойынша инвестиция сонымен қоса басқа елдің инвестициясын пайдалану және қызықтыру үшін шаралар жасау, ШОБ өкілдері тауарлар, жұмыспен елде көрсетілетін жұмыстарға мемлекеттік сатып алу бойынша шараларға қатысу бойынша кеңес пен ақпарат беру, ШОБ өкілдері қызмет етіп жатқан салаларда оларды қолдау және дамыту бойынша оқу орындары мен зерттеу орындарын, кеңес беретін жұмысшыларды дайындайтын, кәсіби біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыстар жасау, ШОБ өкілдерін кәсіби дамыту бойынша шет елдің бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыру [31].

Қазақстан Республикасында бизнес өкілдеріне кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту туралы бірнеше маңызды мемлекеттік бағдарламалар бар. Соның ішінде Қарағанды облысында өңірлік деңгейде бизнесті қолдаудың келесі бағдарламалары бар:

- "БЖК-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы,
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы,
- «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы [53].

Ковид – 2019 дағдарысы пайда болған уақыттан бастап әлеуметтік – экономикалық саладағы дағдарыстың өсуіне қатысты шет ел мемлекеттері жалпы іскерлік белсенділікті жоғарлату мен халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіндіктерін пайдаланып бизнесті қолдау, сақтау және дамыту бойынша кешенді жұмыстар атқарды. Соған мысал, Қазақстан Республикасында ең бірінші Ковид – 2019 қандай сала зардап шеккенін зерттеп көрейк. Ең бірінші пандемия басталған уақытта осыған қарсы тұруы үшін еліміздің Үкіметі бірнеше кешенді жоспар әзірлеп, қай саланы дамыту және қолдау керектігін айқындап, оларға ерекше көңіл бөлді. Ең бірінші, 2020 жылы 17 наурызда еліміздің Үкіметі Ковид – 2019 дағдарысына байланысты байланысты пайда болған дағдарысқа қарсы шаралар пакетін қарастырып оны бекітті. Оның негізгі мақсаты, ол еліміздегі кәсіпкерлерді жан жақты қолдауға байланысты шаралар пакетін қарастырды, агроөнеркәсіптік кешенді ынталандыру оны дамытуға байланысты мәселелер қарастырылды, халықты жалпы жұмыспен қамту бойынша ұсыныстар қаралды, еліміздің бизнес өкілдеріне даму институттары арқылы мемлекеттік қолдау, көмек берудің жаңа жолдары ұсынылды. Бизнес өкілдеріне көмек беру және еңбек нарығында тұрақтылықты ұстау үшін шұғыл шара пакетін қаржыландыру бойынша жұмыстарды жеңілдету, бизнес өкілдеріне салықты жеңілдеті және оларды тексеру, бақылау бойынша жұмыстарды қарастыру, сонымен қоса халықты жұмыспен қамту бойынша шаралар толығынан қарастырылды. Бұл жұмыстардың көбісі үкіметтің келесі бағдарламаларымен бірге қатар жүрді. Қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы бойынша кредиттеу бір трлн теңгеге дейін ұлғайтылды, "Бизнестің жол картасы-2025" мемлекеттік бағдарламасы бойынша бизнес өкілдеріне несие берудің шегі ұлғайтылып сала бойынша талаптары қысқарды, бизнес өкілдеріне несие беретін кезде кепілдік беруге байланысты шектеулер мен талаптар жеңілдетілді [53].

Ковид – 2019 қатты зардап шеккен салаларға ірі сауда объектілеріне, кинотеатрларға, театрларға, көрмелерге, спорт объектілеріне, бизнес өкілдеріне

салынатын мүлік салығын бір жыл уақытқа босату бойынша шаралар қабылданды, бизнес өкілдеріне бір тоқсан уақытына өсімпұл есептеу бойынша тоқтау шаралары ұсынылды, бизнес өкілдеріне III тоқсан үшін салық есептілігі уақыты өзгерту бойынша мәселелер қарастырылып бекітілді және бизнес өкілдеріне белгіленген режимде қызмет жасайтын бизнес өкілдері салықтан босату бойынша шаралар қабылданды [53].


Еліміздің бизнес өкілдеріне мемлекеттік бағдарламалар аясында ("БЖК-2025" мемлекеттік бағдарламасы, "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы, "Қарапайым заттар экономикасы" және тағы басқа) дағдарысқа байланысты барлық бағдарламалар бойынша несие беру жеңілдетіліп бірінші 6 пайызға төмендетілді, сонымен қоса ауыл шарушылығы бойынша несие берудің жаңа түрі қарастырылды, оған қоса ірі қара мал мен асыл тұқымды балапандармен айналысатын бизнес өкілдерін қосымша салықтан және жер салығынан босату, жеңілдету бойынша шаралар қарастырылды [53].

Сонымен қатар, бизнес өкілдері мен халықтың іскерлік белсенділігін ынталандыру арқылы ағымдағы жұмыспен қамтуды сақтауға және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандар мен жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуді арналған жұмыспен қамтудың Жол картасын іске асыруға 300 млрд теңге қарастырылды. Оған қоса, еліміздегі екінші деңгейлі банктер бизнес өкілдері мен халықтың төтенше жағдай енгізілген кезде қарыз алушыларда туындаған төлемдердің мерзімі өткен кезде айыппұлдар мен өсімпұлдарды қарастырмау бойынша мәселер талқыланды [53].

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес COVID-19 неғұрлым зардап шеккен қызмет түрлерінің тізімі төмендегі 5 суреттегі ақпаратта көрсетілді.

Төменде көрсетілген 5 суретті қарасақ, жалпы сала бойынша қызмет түрлерімен төленген барлық салықтардың сомасы 2020 жылы барлық компаниялар төлеген салықтың жалпы сомасы 2019 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеуі байқаған боламыз. Бұл Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес неғұрлым зардап шеккен қызмет түрлерінің ішіндегі іріктеп алынған түрлері [54, 55].

Сонымен қатар, өзге де машиналарды, жабдықтар мен материалдық құралдарды жиырма сегіз пайызға дейін, автомобильдерді көтерме сату жиырма пайызға дейін, он сегіз пайызға дейін коммерциялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер, жеке меншікті жалға беру және басқару он бес пайызға дейін, өзге де сымды телекоммуникациялық байланыс он екі пайызға дейін, он бір пайызға дейін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласындағы бизнес субъектілері ковид дағдарысынан қатты зардап шеккен болатын. Бұл дегеніміз COVID-19 дағдарысынан еліміздегі барлық экономика саласына зардап тигізгенін айтуға болады [54, 55].



5 сурет - COVID-19 неғұрлым зардап шеккен қызмет түрлерінің тізімі.

Ескертпе: Автор суретті [54, 55] деректер бойынша құрастырған

Жалпы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасы Абылай Мырзахметовтың айтуы бойынша мемлекет COVID-19 пандемиясынан зардап шеккен 29 саланы анықтады оның ішінде қызмет көрсету саласын негізгі секторлар болып табылады [56].

Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде кәсіпкерлік пен отандық өндірісті қолдау аясында мемлекет тарапынан бизнес өкілдеріне қаржылай көмектен бөлек салықтық жеңілдіктер мемлекет тарапынан орын алды, соның негізгілері келесідей:

- Екі мың жиырмамыншы жылдың аяғына дейін экономиканың түрлі салаларында қызмет көрсететін бизнес өкілдеріне еңбекақы төлеу қорынан және мүлік салығынан оның ішінде туризм саласындағы кәсіпкерлерге, ірі сауда орындарына, сауда-ойын-сауық орындарына, кино көрсететін орындарға, театрларға, көрмелерге және дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілеріне салықтар төлеуден босату туралы шешім қабылданды;

- Екі мың жиырмамыншы жылдың бірінші қазанына дейін бизнес өкілдеріне дағдарыс залалынан зардап шеккен салаларға еңбекақы төлеу қорынан бюджеттен тыс төлемдер туралы мөлшерлемелер нөлдік ставка болды;

- Екі мың жиырмамыншы жылдың аяғына бизнес өкілдері үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша жер салығының мөлшерлемесі нөлдік ставкаға ауысты;

- Бизнес өкілдеріне асыл тұқымды малдармен (ірі қара мал және асыл тұқымды балапандар) импорты үшін есепке алу әдісімен ҚҚС төлеу бойынша

жағдай жасалды;

- Екі мың жиырманшы жылдың бірінші қазанына дейін бизнес өкілдері үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін ҚҚС ставкасы оң екі пайызда сегіз пайызға дейін азайту туралы шешім қабылданды;

- Екі мың жиырманшы жылдың бірінші маусымына дейін барлық бизнес өкілдері үшін барлық салықтар мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылданды, одан бөлек екі мың жиырманшы жылдың бірінші қаңтарынан бастап микро және шағын бизнес субъектілері 3 жыл уақытқа табыстарға салынатын салықтардан босату туралы шешім қабылданған болатын. Сонымен қоса, екі мың жиырманшы жылдың бірінші қаңтарынан бастап 3 жыл уақытқа шағын және микрокәсіпкерлікке тексеру жүргізуге мораторий туралы және жиырманшы жылдың аяғына дейін кәсіпкерлік субъектілері үшін салықтық тексерулер жүргізуге мораторий туралы шешім қабылданған болатын [57, 58, 59].

- Екі мың жиырманшы жылдың бірінші қазанына дейінгі уақытқа шағын орта бизнес өкілдеріне қаржылық жағдайы және төлем қабілеттілігін қалпына келгенінше дейін төлемдерді қалдыру;

- Екі мың жиырманшы жылдың он алтыншы маусымнан он бесінші қыркүйекке дейін берілген өтінімдер бойынша бизнес субъектілерін қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының жеңілдікті шарттары бойынша қарызды қайта қаржыландыру туралы шешім қабылданды.

- Екі мың жиырма бірінші жылдың бірінші қаңтарынан бастап бизнес өкілдеріне дағдарыстан зардап шеккен секторларда қызмет жасаған бизнес өкілдері үшін бөлшек салықтың жаңа арнайы салық режимі қолданылған болатын, соның негізінде бизнес өкілдері айналымнан үш пайыз мөлшерінде КТС/ЖТС төлеу жеткілікті болатын болды.

- Шағын орта бизнес субъектілері үшін мемлекеттік мүлік бойынша жалдау ақысынан босату Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен екі мың жиырма бірінші жылдың бірінші шілдесіне дейін ұзартылған болатын.

- Бөлшек салық режимі шағын орта бизнес өкілдері үшін салық жүктемесін азайтуды қамтамасыз ету және салықтар мен бюджетке төлемдерді төлеу тәртібін оңтайландыру үшін пандемияға байланысты екі мың жиырма үшінші жылдың бірінші қаңтарына дейін екі жылға есептелетін болды [57, 58, 59].

Жалпы 2020 жылы болған Коронавирус дағдарысына байланысты Қазақстан Үкіметі бизнес субъектілеріне бірінші кезекте жалпы соммасы 1 трлн 240 млрд тенге қарастырды оның ішінде жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын кеңейтуге және "Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы бойынша 1 трлн тенге, ауыл шаруашылығын дамыту, "Еңбек", "Бизнестің жол картасы", "Ауыл-Ел бесігі" мемлекеттік бағдарламалары 240 млрд тенге қарастырылды [60].

Алайда, елімізде бизнесті дамыту және қолдау мақсатында бірнеше мемлекеттік және салалық бағдарламалар жүзеге асырылуда. Соның негізінде, ковид дағдарысы уақытында осы бірнеше бағдарламаларда бизнеске уақытылы көмек беру үшін және елдің экономикасын тұрақтандыру үшін өзгерістер

енгізілді. Осы бағдарламаларға еңгізілген өзгерістер бойынша ақпарат уақытылы бизнес субъектілеріне жете бермеді. Осыған дәлел, дағдарыс уақытында 2020 жылы KPMG ұйымы елімізде COVID-19 пандемиясы: Қазақстанда бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары тиімді ме? деген сауалнама жүргізген. Сол сауалнаманың нәтижесі бойынша қатысушылардың ең көп жауап берген 26% кәсіпкерлерге дағдарыс уақытында "Бір терезе" болмауы, тиімді коммуникация болмағанын айтқан. Бұл дегеніміз елімізде жүзеге асырылып жатқан бірнеше бағдарламалардың бірнеше ақпарат тарату және өтініштерді қабылдау орталықтары мен даму институттары ҚазАгро, Байтерек, Даму, QazIndustry, Kazakh Invest, QazTrade, Атамкен, Агро несие корпорациясы, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры, Екінші деңгейлі банктер, Қазақстан даму банкі, Арнайы экономикалық және индустриалды аймақтары бар. Бұл кәсіпкерлерге өте тиімсіз. Себебі, бір ұйымнан екінші ұйға жіберген уақыты мен қаражаты бизнесті дамуына тежеу болатынын жеткізген. Соған тағы бір мысал, "Алматы желдеткіш зауыты" ЖШС Бас директоры Марат Байкуловтың айтуы бойынша елімізде мемлекеттік қолдау шараларының ережелері шатастырылған және үнемі өзгеріп отырады деп жауап берген. Ол ағымдағы бағдарламалар шеңберінде мемлекеттік қолдау алу үшін кедергілер бар екенін жеткізген [61].

Төмендегі 6 – сурет сәйкес, 2020 жылы болған Коронавирус дағдарысына байланысты бизнес субъектілерін қолдауға қарастырылған қаражатты салыстырмалы түрде 2009 жылғы болған дағдарысқа бөлінген қаражаттан 4,5 есе көп қаражат жұмсалған екен. Сонымен қоса, Статистика департаментінің ақпаратына сәйкес 2009 жылы бизнес субъектілерінің саны 745 574 бірлікті құраса, 2020 жылы 1 359 668 бірлік саны құрап, 1,8 есеге өскен.



6 сурет - 2009 және 2020 жылдардағы бизнес субъектілерінің қолдауға қарастырылған қаражат көлемі мен саны

Ескертпе: Автор суретті [62, 63] деректер бойынша құрастырған

2009 жылғы 6 наурыздағы мемлекет басшысының Дағдарыстан жаңару мен

дамуға атты халыққа Жолдауында дағдарыс уақытында бизнес субъектілеріне ерекше көңіл бөлді. Сол жылы экономиканы тұрақтандыру мақсатында және бизнес субъектілерін дамыту және қолдау бағытында мемлекеттік бюджеттен бұрын сонды қарастырылмаған 275 миллиард теңге қаржы бөлінді. Сонымен қоса бизнес субъектілернің іскерлік белсенділіктерін жалғастыру үшін әкімшілік кедергілерді азайту бойынша шаралар жасалды [62].

Одан басқа, бизнес субъектілеріне қолайлы жағдай жасау мақсатында Үкімет барлық мемлекеттік бағдарламалар аясында бәсекелестікті болдырмау мақсатында қарыз алушы үшін түпкілікті сыйақы мөлшерлемесі 12,5% - ға деңгейінде біріздендірілуі және несеу алу бойынша шектеу салаларын алу бойынша шешім қабылданды. Бұл жерде осыған сәйкес саясатты елімізге Ковид дағдарысы болған кезде Үкімет жүзеге асырды. Ковид дағдарысына байланысты кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша кәсіпкерлерге пайыз мөлшер 6% төмендетіліп салалық шектеулер алынып тасталды. Осы бойынша ақпарат төмендегі бөлімдерде кеңінен жазылатын болады [63].

Себебі, арнайы статистикаға және Ұлттық банктің ақпаратына сәйкес 2008 жылы бизнес субъектілері 2007 жылдың маусым айымен салыстырғанда 63% немесе 232 млрд. тенгеден 85 млрд. тенгеге дейін төмендеген. Осыған байланысты мемлекет бизнес субъектілеріне банктен несиені беру үшін пайыздық мөлшерді азайтты және төмен деңгейде несиені беру бойынша шара қабылдады. Осы несиені бағдарламасы бойынша бизнес субъектілері 60% дейін ең жоғарғы сауда саласына қолданған, ең төменгі ауыл шаруашылығы саласына пайдаланған. Алайда бұл мемлекеттік қолдау шағын кәсіпорындардың дамуына көмек бере алмады. Себебі, 2009 жылғы 1 қазанда шағын кәсіпкерліктің саны 211 мың 985 бірлік болса, бұдан бір жыл бұрын қыркүйекте белсенді шағын кәсіпкерліктің саны 666 мың 98 белсенді болған екен. Бұл шамамен, елімізде сол жылы шағын кәсіпкерліктің саны 60% қысқарған [63].

Дағдарыс уақытында бизнес субъектілеріне қолдау мақсатында мемлекет мемлекеттік бағдарламаларды қабылдап және тікелей қаржы бөледі қарастырады.

Сонымен қатар, дағдарыс мемлекет саясатының осал тұстарын көрсетті оның ішінде, үлкен пайыздық несиені мөлшері, бюрократияны, банктердің қарыз алушыларға кепілдік базасының қиындатуы, сыбайлас жемқорлықты бизнестің дамуына кедергі болатын факторлар. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей бизнес субъектілерінің 90% мемлекет пен бизнестің байланысы арасындағы аралық буындарды алып тастауды, мемлекеттегі барлық ішкі несиелерді долларлардан теңгеге ауыстыруды, барлық банктерде жылдық несиенің пайызын 5% азайтуды, негізгі борышты төлеу 2 жылға тоқтатылу керектігін және мемлекет тарапынан тікелей қаржылық және қаржылық емес қолдауды күшейту керектігін атап көрсетті [63].

Осы қабылданған заң нормалары мемлекет тарапынан Қарағанды облысының бизнес субъектілеріне ең маңызды қолдаулардың бірі болып табылды.

Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралардың арқасында 30 мыңнан астам кәсіпкер салықтан босатылып, банктік несиелер мен жалға алу бойынша кейінге қалдыруға қол жеткізді (ЖАО мен квазимемлекеттік секторға тиесілі жылжымайтын мүлікті жалға беру бойынша 1289 шарт бойынша 125 миллион теңгеге төлемдер тоқтатылды, жеңілдіктер 4800 кәсіпкерге жалға алу құнынан 40%-ға дейінгі жеңілдіктен толық босату ұсынылды, 300 екінші деңгейлі кәсіпкерге несиелер, негізгі борыш пен сыйақы бойынша кейінге қалдыру берілді). 3700 кәсіпкер қаржылық қолдауға ие болды, 2,8 мың адам бизнеске оқытылды [64].

«БЖК-2025» бағдарламасын жүзеге асыруға екі мың жиармасыншы жылы үш млрд теңге жуық қаражат қарастырылған. Бағдарлама аясында 48 млрд теңге инвестицияға 421 жоба мақұлданды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 46%-ға артық. Құралдар тұрғысында: 19,6 млрд теңге инвестицияға несие пайызын субсидиялау бойынша 229 жоба мақұлданды; кредиттерді ішінара кепілдендіру бойынша – 4,3 млрд теңге кепілдік сомасына 173 жоба; Инфрақұрылымға 6 жоба мақұлданды; Гранттық қаржыландыруға 13 грант берілді [64].

Қолда бар қаржыландыру аясында жыл соңында 3,6 мың кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2025», «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламалары және ШОБ жеңілдетілген несиелендіру (8 пайызбен) бойынша қаржылық қолдау алды [64].

Қарағанды облысының мысалында пандемия жағдайында бизнесті мемлекеттік қолдаудың тиімділігі

Covid-19 коронавирустық инфекциясына байланысты пайда болған экономикалық дағдарыстың күшеюіне байланысты бүкіл әлем мемлекеттері оның ішінде Қазақстан мемлекетінің Үкіметі экономика мен іскерлік белсенділікті қолдаудың және жұмыспен қамтуды сақтаудың бұрын-соңды қабылдамаған іс шара жұмыстарын атқарды. Бұл ретте әлемдік тәжірибеге сәйкес экономикалық өмірдің негізгі бөлігі ол бизнес субъектілері болып табылады. Сондықтан, бизнес субъектілерін дамыту және қолдау дәстүрлі түрде мемлекеттік саясаттың назарында ғана емес, сонымен қатар COVID-19 салдарымен күресу күн тәртібінде ерекше және тұрақты түрде болды.

Әлемдік тәжірибеге байланысты, аймақтық және Ұлттық деңгейлердегі көптеген бағалаулар бизнес субъектілерінің экономикадағы негізгі рөлін, олардың кәсіпорындардың жалпы санындағы үлесін, жұмыс орындары мен олардың шығарған өнімін көрсетеді.

Шағын және орта бизнес субъектілері ірі кәсіпорындарға қарағанда өзінің ерекшеліктеріне байланысты covid-19 пандемиясының экономикалық қатынастарға теріс әсеріне әсіресе осал болып келеді. Себебі, ірі көптеген кәсіпорындар covid-19 пандемиясы кезінде қызметтерін тоқтатқан емес және олардың шағын және орта бизнес субъектілеріне қарағанда қызмет жасауына жиналған қаражат қоры көмек болды.

Осыған байланысты, ХЭЫДҰ статистикалық мәліметіне байланысты бизнес субъектілерінің ішінде шағын және орта бизнес өкілдері әсіресе

коронавирусты (COVID-19) құлыптаудың ұзақ мерзімді шараларына байланысты сәтсіздікке ұшырайды және олар тікелей зардап шеккен салалардағы барлық жұмыс орындарының 75% құрағанын жазды. Осы зардап шеккен салалар үлесі автомобиль жасау, құрылыс, көтерме және бөлшек сауда, әуе көлігі, қонақ үй бизнесі, тамақтану, жылжымайтын мүлік және тұтынушылық қызметтер сияқты неғұрлым күрделі экономикалық проблемаларға тап болған экономика салаларында жоғары екендігін жазды. Осыған байланысты, әлемдегі көптеген елдер COVID-19 инфекцияларының таралуын болдырмау үшін алдын-алу шараларын енгізді және өз кезегінде бизнес субъектілері үшін шығындарды азайту үшін айтарлықтай мемлекет тарапынан қаржылық және қаржылық емес қолдау пакеттерін қабылдады [65].

Тиісінше, COVID-19 дағдарысына байланысты үкіметтер қабылдаған қадамдар бизнес субъектілерді даму мен көмектесуге бағытталған. Бұл дегеніміз, мемлекет пен бизнес субъектілерінің арасындағы байланыс дағдарыс уақытында күшейгенін байқаймыз. Бұған мысал жағарыда жазылған бизнесті қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламалар арқылы 2020 жылы болған Коронавирус дағдарысына байланысты Қазақстан Үкіметі бизнес субъектілеріне бірінші кезекте жалпы соммасы 1 трлн 240 млрд тенге қарастырған [60]. Елімізде бизнес субъектілеріне көмек көрсету тұрғысынан ең көп таралған құрал ол қаржылық қолдау және салық жеңілдіктері болып табылады.

Қарағанды облысында жалпы бизнес субъектілерін дамыту және қолдау мақсатын 2020 жылы "БЖК-2025" бағдарламасын жүзеге асыруға 2,8 млрд.теңге бөлінді алде 2019 жылға қарағанда 175% көп бөлінді (2019 жылы - 1,6 млрд.теңге). Бұл қаражатқа 421 бизнес субъектілерінің жобасына субсидиялар, кепілдіктер, гранттар және инфрақұрылымға қарастырылды (2019 жылы - 288 жоба). Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 46% - ға артық болды. Бизнес жобалар негізінен өңдеу өнеркәсібі саласын, құрылысты, сауданы, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы қызметтерді, қонақ үй бизнесін және т.б. салаларды дамытуға бағытталып, нәтижесінде Қарағанда облысының экономикасына 48,2 млрд. теңге (2019 жылы - 16,6) инвестиция қаражаты тартылып, 561 жұмыс орны пайда болды (2019 жылы – 499 жұмыс орны). Осының нәтижесінде бизнес субъектілерінен салынған субсидиялардың 1 теңгесіне 10 теңге инвестиция келеді, 561 жұмыс орны пайда болды, осы бағдарламаға бойынша бизнес субъектілерінен түскен салық түсімдері 1,4 млрд. теңгені құрады [64].

Сонымен қоса, өңірдегі "Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы бойынша басым жобаларын Несиелеу тетігі шеңберінде 2020 жылы 12,5 млрд.теңге (2019 жылы - 13, 5 млрд.теңге) кредит сомасына 114 жоба (2019 жылы – 55 жоба) жүзеге асырылды. Осы бизнес субъектілерін негізгі жобалары ауыл шаруашылығы саласында, тамақ, жеңіл, өңдеу өнеркәсібін дамытуға көзделді [66].

Тағы бір нәтижелі "Еңбек" мемлекеттік бағдарлама бойынша өңірге 2748 шағын кредит жобасына (2019 жылы – 3625 жоба) жалпы сомасы 6 млрд.теңгеге (2019 жылы – 8 млрд.теңге) мақұлданса, оның 92%- ы ауылдық жерлерге бөлінді. Осы бизнес субъектілерінің жобалары негізінен мал шаруашылығын, өсімдік

шаруашылығын және қызмет көрсету салаларын дамытуға бағытталған [66].

Қарағанды облысында тұрақты түрде бизнес субъектілеріне өтеусіз гранттар беріліп тұрады, соның ішінде 2020 жылы бизнесті қолдау мен дамыту бағытында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары шеңберінде өтеусіз гранттар беру жалғасты. Сол мақсатта өз ісін ашуға барлығы жас кәсіпкерлерге, көп балалы аналарға және азаматтардың басқа да санаттарына 1,1 млрд.теңге (2019 жылы – 1 млрд.теңге) сомасына 1871 грант (2019 жылы – 2 064 грант) берілген болатын [66].

Тағы бір дағдарыс кезінде, бизнес субъектілерін дамыту мен қолдауға арналған соның ішінде экономиканың зардап шеккен салаларын қолдауға бағытталған шағын және орта бизнеске жеңілдікпен кредиттеудің жаңа бағдарламасы бойынша 25,1 млрд.теңге сомасына 111 кредит берілді [66].

Дағдарыс уақытында бизнес субъектілеріне мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекет қарамағындағы және квазимемлекеттік секторға тиесілі жылжымайтын мүлікті жалға бергені үшін 1289 шарт бойынша 125 млн.теңгеге төлемақы есептеу тоқтатылып, бизнес субъектілеріне маңызды қолдау болып [66].

Сонымен қоса, дағдарысқа байланысты өңір бойынша 4800 кәсіпкерге жалға алу құнынан 40% дейін толық босатудан жеңілдіктер жасалды және 300 жуық бизнес субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер несиелер, негізгі борыш және пайыздар бойынша мерзімін кейінге қалдыру бойынша шешім қабылданды [66].

Қарағанды облысында шағын және орта бизнес субъектілерін дамыту бағытында, жергілікті мемлекеттік ұйымдардың арқасында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерін жүктеу үшін ірі кәсіпорындардың айналасында шағын кәсіпорындар белдеуі тұрақты түрде жұмыс жасайды. Осыған байланысты 2020 жылдың нәтижесі бойынша ірі компаниялар 112,7 млрд.теңге (2019 жылы – 107 млрд.теңге) сомасына өнім жеткізу және қызметтік қызмет көрсету бойынша 724 (2019 жылы – 2 129 әріптестік келісім) әріптестік келісім жасалғаны мәлім [66].


Қаржылық көмектен басқа, бизнес субъектілері үшін қаржылық емес қолдау шаралары Қарағанды өңірінде сұранысқа өте ие болып отыр. Соған байланысты, 2020 жылы бизнес жүргізу бойынша 2,6 мыңнан (2019 жылы – 1636 адам) астам адам оқытылып, оның ішінде "Бастау-Бизнес" жобалары бойынша - 1800 адам және "Бизнес мектеп" жобасы бойынша-846 адам дәріс алған. Дәріс алғандардың жалпы санынан 750 кәсіпкер гранттар және жеңілдікті микрокредиттер түрінде өз ісін ашу үшін қаржылық қолдау көмегін алды. Осыған қоса, бизнес инфрақұрылыммен Атамекен кәсіпкерлік палатасынан 4 мыңнан (2019 жылы – 5 821 адам) астам бизнес субъектілері мен жеке тұлғаларға 10,3 мың (2019 жылы – 17123 кеңес) кеңес берілген. Сонымен қатар, короновирустік шектеу талаптарын орындай отырып бизнес субъектілеріне қызмет көрсету орталығында сервистік қолдау аясында 2646 офлайн және 2666 кәсіпкерге 244 онлайн қызмет жасалды [64].

Жоғарыда келтірілген бизнесті қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламаларының нәтижесі пандемияның экономиканың әртүрлі

салаларындағы бизнес субъектілернің жағдайына қалай әсер еткенін статистикалық деректерге қарап талдау жасаймыз.

